

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫ**



**«Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік-
экономикалық жағдайында қосымша білім беру»
Әдістемелік нұсқаулар**

Астана, 2013

Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайында қосымша білім беру (әдістемелік нұсқаулар) – «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Астана, 2013 жыл, - 160 бет.

Құрастырған: Короткова И.Г. – ғылыми-техникалық және экология-туризм бөлімінің әдіскері

Әдістемелік нұсқауда Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайында балаларға қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық негіздері және инновациялық жолдары қарастырылған.

Ұсынылған материал қосымша білім беру ұйымдарының жетекшілеріне, әдіскерлеріне және педагогтарына арналған.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының
әдістемелік кеңесінде қаралып, баспаға ұсынылған
(хаттама №1, 19.03.2013ж.)*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2013

Мазмұны

1. Кіріспе
2. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру жүйесінің қазіргі жай-күйі
3. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының желісі және контингенті
4. Халықаралық тәжірибе
5. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық негіздері
 - 5.1. Қосымша білім берудің мақсаты мен міндеттері
 - 5.2. Негізгі идеялар мен ережелер
 - 5.3. Қосымша білім беруді дамытудың әдістемелік негіздері
 - 5.4. Қосымша білім беру жүйесінің басымдылықтары
 - 5.5. Жалпы білім беретін мектептердегі қосымша білім беру қызметтері
6. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайының талаптарына сәйкес балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңарту жолдары
7. Қосымша білім беру жүйесін дамытудың инновациялық жолдары
 - 7.1. Ресурстық орталық – эстетикалық бағыттағы балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының қазіргі тиімді нысаны (Қарағанды қаласы №2 өнер мектебінің базасындағы Қосымша білім беру ресурстық орталығы)
 - 7.2. Негізгі және қосымша білімді интеграциялау негізінде біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру (Павлодар қаласы Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы)
 - 7.3. Астана қаласы Оқушылар сарайының базасындағы педагогикалық тәжірибелік-эксперименттік алаң
 - 7.4. Қосымша білім беру ұйымдарында туристік-өлкетану және экологиялық қызметті дамытудың жаңа түрлері мен әдістері (Батыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы)
 - 7.5. Қосымша білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие жүйесінің басымдылығы – білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру (Семей қаласы Облыстық балалар биологиялық орталығы)
 - 7.6. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіндегі құзіреттілік тәсілдер (ҚР БҒМ Ғылым комитетінің «Ұлттық биотехнология орталығының» қатысуымен «Nextbio» үйірмесі)

7.7. Техникалық шығармашылық саласындағы балаларға қосымша білім беру ресурстық орталығы (Ақтөбе қалалық техникалық шығармашылық орталығы)

8. Қорытынды

9. Әдебиеттер тізімі

10. Қосымша

1. Кіріспе

Білім беру Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының маңызды басымдылықтарының бірі ретінде танылды. Білім берудің заманауи жүйесі тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің болашақтық және өзекті сұраныстарын орындауды қамтамасыз етуі, материалды, рухани, кәсіби, құқықтық және экологиялық мәдениеттің жоғарғы деңгейін қалыптастырудың нәтижелілігі мен тиімділігін арттыруы қажет.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев білім беру, атап айтқанда қосымша білім беру жүйесінің қоғам мен экономика дамуының сұраныстарына сәйкес, оның әлемдік білімділік кеңістігіндегі интеграциясының индустриалды-инновациялық жаңашалануын жобалайтын әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына кіру туралы мақсат қойған болатын.

Дамудың инновациялық үлгісін таңдау, ғылымды қажетсінетін технологияларды құру және енгізу, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы білім мен ақпараттың үдемелі рөлі жоғары білікті мамандарға жаппай сұраныс туғызуда. Бұл білім берудің, ғылымның және өндірістің интеграциясының жаңа формаларын талап етеді.

Білім беру жүйесін жаңашаландыру экономикалық дамуға, азаматтардың, тұтас елдің әл-ауқатының жақсаруына қажетті өркениет жетістіктерін қолдану арқылы кәсіби, құқықтық, рухани мәдениеттің жоғарғы деңгейімен сипатталатын қарқынды даму үстіндегі қоғамның қалыптасуына бағытталған үздіксіз білім беретін үдерісте жүзеге асырылуы тиіс.

Халықаралық тәжірибе адам капиталындағы, атап айтқанда, білім берудегі инвестициялардың экономика мен қоғамға тиесілі елеулі қайтарымдарға ықпал ететіндігін, өзгермелі әлемге жылдам бейімделе алатын техникалық прогрессивті, өндірістік жұмыс күшін құруға аса қажет екендігін растайды. Халықтың қабілеттілігі, дағды икемділіктері және біліміне қаражат жұмсайтындар болашақтағы табысты экономистер бола алады. Білім беруді әлеуметтік қажеттіліктерге кететін шығындар ретінде емес, экономикалық инвестициялар ретінде түсінуіміз қажет.

Сондықтан, бүгінгі күні жаңа ұлттық көрініс ұсынылуда: 2020 жылға қарай Қазақстан – зиялы ел, салауатты экономика және жоғары білікті жұмыс күші. Білім беруді дамыту елдің болашақ экономикалық, саясаттық және әлеуметтік мәдени гүлденуінің сүйенетін тұғырнамасына айналуы тиіс.

Балаларға қосымша білім беру – балаларға білім берудің сапасына жауапкершілікпен қарау сияқты мемлекеттік талаптарға, ортақ заңдарға, заңдылықтарға бағынатын Қазақстан Республикасының білім беру

жүйесінің құрамдас бөлігі. Заманауи қосымша білім беру білім алушылардың, қоғамның, мемлекеттің қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын қосымша білім беру қызметтері мен қосымша білім беру бағдарламаларының жүйесі ретінде қарастырылады.

Балаларға қосымша білім беру бала тұлғалығын, оның шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мен дамытуға, оның интеллектуалдық, адамгершілік және физикалық жетілуі, қоғам өміріне бейімделуі, бос уақытын тиімді ұйымдастыруы, кәсіби бағдарлануындағы индивидуалды қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Бүгінде Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен, Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарымен (2012 жылғы 25 маусымдағы ҚРҰҚ) балалар мен жастардың тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауы, қызығушылықтары, қабілеттіліктері және бейімділіктерін дамытуды анықтау факторларының бірі ретінде қосымша білім берудің маңызды рөлі атап айтылған.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыруы: Жалпыға бірдей еңбек қоғамына жиырма қадам» мақаласында білім алушылардың тұлғалық жетістігін акмеологиялық негізде жасаушы, туған өлкені зерттеу арқылы отансүйгіштікті қалыптастыру ретінде ескерілетін білім беру жүйесін жаңашаландырудың қажеттілігі нақты көрсетіледі.

2012 жылғы 14 желтоқсандағы Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарында білім берудің, оның ішінде қосымша білім берудің барлық деңгейдегі бағдарламаларының мазмұнын жаңарту қарастырылған.

Қазақстанның білім беру саясаты білім беру саласындағы жалпыұлттық мүдделерді қамтып көрсете отырып, балаларға қосымша білім берудегі елеулі өзгерістердің қажеттілігін шарттастыратын әлемдік дамудың ортақ тенденцияларын ескереді:

білімнің кеңінен ұдайы толықтырылуына, өздігінен білім алуға деген уәждемелерді дамытуға ықпал ететін ортаны құруға қажетті жағдай жасауды қамтамасыз етуге шақыратын, балалардың бос уақыты мен жұмыспен қамтылуын мазмұнды ұйымдастыру, олардың қоғам өміріне бейімделуін, кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтауын, өзін-өзі жүзеге

асыруын және өзін-өзі тәрбиелеуін әлеуметтік пайдалы қызметке енгізу, балаларға қосымша білім беру жүйесін жетілдіру;

нарықтық экономика жағдайындағы жастардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге қажетті сапалы әрі қолжетімді біліммен қамтамасыз ету мақсатында мекемеаралық қызметтестікті дамыту;

білім берудің әр түрлі деңгейлері мен балаларға қосымша білім берудің тығыз қарым-қатынаста әрекет жасауының білімділік кеңістігін сақтауға жағдай жасау;

құқықтық-нормативтік базаның жетілдірілуі, оны қазақстандық заңнамалардағы өзгерістерге сәйкес келтіру;

ақпараттық технологияларды, инновациялық қызметті дамытуға бағытталған жаңа ұрпақтың білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

кадрлық құрамды күшейту және сақтау, заманауи талаптарды есепке ала отырып, олардың кәсіби деңгейін арттыру, материалды-техникалық базаны, қосымша білім беру ұйымдарын ресурстық қамтамасыз етуді нығайту,

Балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытуды анықтайтын ұстанымдар:

салааралық сипат (өзгешелік), балаларға қосымша білім мен тәрбие беру саласындағы бірыңғай саясат жүргізуге мүмкіндік беретін жастар саясаты, спорт, мәдениет, білім беруді басқару органдары, балаларға қосымша білім беру ұйымдарын қоса есептегенде әр түрлі атқарушы билік органдарының басқаруына тиесілі білім мен тәрбие беру жүйесінің барлық субъектілерге бағыттылығы,

бәсекеге қабілеттілік – қызметтің қажетті өнімін жасауға және көмек көрсету қажеттілігіне бағдарланған, қызметтің ұтымды ауысымына, серпінді және құрылымдық өзгерістерге икемді болатын білім беру ұйымдарының, жүйелерінің қалыптасуы;

ізгілендіру – тұлғалық бірегейлік, балалықтың өзіндік құндылығын қадірлеу сияқты баланың шығармашылық, интеллектуалдық әлеуетін дамытуға барынша қолайлы жағдай жасау;

ашықтық – әрбір баланың рухани, интеллектуалдық және физикалық дамуына, оның шығармашылық және білімділік қажеттіліктерін қанағаттандыруға барынша оңтайлы жағдай жасауға қоғамдық ұйымдардың, бизнес-құрылымдардың, отбасылардың, өзге де әлеуметтік институттардың қатысуы.

Балаларға қосымша білім беру – бұл адамның танымдық пен шығармашылықтағы тұрақты қажеттіліктеріне ие болуына, өзін барынша жүзеге асыруға, пәндік, әлеуметтік, кәсіби, тұлғалық өзін анықтауына мүмкіндік беретін негізгі білім берудің шеңберінен тыс дәлелді білім беру.

Балаларға қосымша білім берудің ерекше белгілері:
баланың әр түрлі қажеттіліктері, бейінділіктері және қызығушылықтарын қанағаттандыратын қызмет түрлерінің әралуандылығы;

тұлғаның танымдыққа және шығармашылыққа, өзін жүзеге асыруы мен өзін анықтауына деген уәждемелерін дамытуға ықпал ететін білімділік үдерісінің тұлғалық-қызметтік сипаты;

балаға тұлғалық-бағдарлық ықпал ету, әрқайсысына «табыс жағдайын» жасау;

тұлғаның өзін-өзі анықтауы, өзін-өзі тануы, өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау;

баланың байқап көруі мен таңдау жасаудағы қателесу құқығын мойындау, өзін-өзі анықтаудағы мүмкіндіктерін қайта қарауға құқығы;

Баланың таңдау жасаған қосымша білім беру бағдарламасы (қызмет түрі, білім саласы) оның тұлғалық құндылықтарына қысым жасамастан, өз жеке даму сатысын көруге және осы дамуды ынталандыруға көмектесетін оның алға жылжуының нәтижелілігін анықтаудың осындай құралдарын пайдалану.

Балаларға қосымша білім беру заң бойынша заманауи қазақстандық қоғамда қалыптасқан білім кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ол әлеуметтік тұрғыда талап етіледі, білім беру сияқты қоғам мен мемлекет тарапынан үздіксіз көңіл бөлу мен қолдау көрсетуді талап етеді, өзіне тәрбие, оқыту және баланың тұлғалық дамуымен шектеулі түрде үйлескен.

Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі білімділік үдерісі ақпараттық, оқыту, тәрбие беру, дамытушы, әлеуметтендіруші, релаксациялық қызметтерді қамтамасыз ете отырып, дамытушы білім берудің парадигмасында құрылады.

Балаларға қосымша білім берудің отандық жүйесі білім алушылардың ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, экология-биологиялық, туристік-өлкетанулық, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық білім беру қызметі саласындағы шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту бойынша бірегей әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерге иелік етеді.

2. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру жүйесінің қазіргі жай-күйі

Қазіргі кезде Қазақстанда балаларға қосымша білім беру түрлі үлгідегі қосымша білім беру ұйымдарында іске асырылуда: балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталықтары, үйлері, сарайлары; станциялар (жас натуралистер, жас техниктер, жас натуралистер); балалар мектебі (музыкалық, көркемөнер, өнер, спорт); аула клубтары (білім беру ұйымдарының жанында); барлық үлгідегі балаларды сауықтыру ұйымдары (қала сыртында, тәулік бойы қызмет ететін, санаториялық, бейіндік және дебаттық, спорттық және палаталық, мектеп жанындағы).

Қазақстанда қосымша білім беру жүйесінде қамтылған 6-18 жастағы балалардың саны еліміздегі мектеп оқушыларының жалпы санының 21,6% құрайды.

Балаларға қосымша білім берудің мазмұны түрлі бағыттағы білім беру бағдарламаларында көрініс тапқан: көркем-эстетикалық, экология-биологиялық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, оқу-сауықтыру.

Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін алғалы балаларға қосымша білім беру жүйесінің дамуында елеулі өзгерістер болды, жағымды тенденцияның қатары байқалды:

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарының саны артты;
- қосымша білім беру ұйымдарына баратын бала санының еліміздегі мектеп оқушыларының жалпы санына қатынасы өзгерді;
- қосымша білім беру ұйымдарындағы жаздық демалысқа қамтылатын бала саны өсті;
- қосымша білім беру саласында қызмет ететін педагогтардың саны артты;
- қосымша білім беру ұйымдарының педагог кадрларының біліктілік деңгейі көтерілді;
- қосымша білім беру ұйымдарын бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету және қолдау көрсету деңгейі көтерілді;
- қосымша білім беру мазмұны авторлық, вариативтік, тәжірибелік-бағдарлық бағдарламалардың құрылу есебінен байыды, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдарында жұмысты ұйымдастыру формалары жаңарды; дарынды балаларды анықтауға, дамытуға, жеке даму траекториясын құруға мүмкіндік туғызатын тұлғалық-бағдарлы оқытуды ұйымдастырудың құнды тәжірибесі жинақталды; қосымша білім берудің жаңа бағыттағы қызметі,

қосымша білім беру ұйымдарының өзара ықпалдастығының жаңа формасы белгіленді;

- балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің нәтижесі «ерекше даму кеңістігі» түрінде, көпшілігі тәрбиеленушілердің жеке жетістіктерінде, олардың түрлі жастағы және көп кәсіби әрекеттерде байқалды;
- қазақстандық қатысушылар Болгария, Греция, Испанияда өткен белгілі конкурстар мен фестивальдарда жеңімпаз атанды;
- көркемөнер мектебінің, өнер мектебінің, аула клубтарының, жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жұмыстары Болгарияға, Үндістанға, Грецияға, Испанияға көрнекті байқаулар мен фестивальдарға жіберілді;
- бастауыш-техникалық модельдеу, авиа-,кеме-, ракетамоделдеу, ағаш өңдеу ісі, техникалық дизайн үйірмелерінде жасалған модельдер білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылықта қолданылды;
- ғылыми-техникалық шығармашылыққа, жастар туризмі мен өлкетануға қатысушылар арасында техникадан республикалық және халықаралық жарыстар, турнир, чемпионаттарының жеңімпаздары бар;
- Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім берудің баланы жеке дамытуға арналған тәрбиелік әлеуеті күшеюде. Қосымша білім берудің патриоттық бағыты мектеппен бірге түрлі формада іске асырылуда: «Жасұлан» әскери-спорттық ойыны, Бауыржан оқулары, «Атамекен» бағдарламасы бойынша өлкелік-ізвестіру жұмыстары, «Жігер» байқау-конкурстары т.б.
- халық дәстүрімен, ұлттық мәдени құндылықтармен танысу сәндік-қолданбалы өнер сабақтарында өтеді;
- экология-биологиялық әрекетке оқушылар мектептің орман шаруашылығына қатысу арқылы, экологиялық білімнің онкүндігін, Жерге қатысты мерекелік іс-шаралар, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық акциялар өткізу т.б. арқылы үйренеді.

Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру жүйесін дамытумен бірге, шешімін таппай отырған *мәселелер* де бар:

- Балаларға қосымша білім беру жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету жұмыстары жетілдіруді қажет етеді. Заңнамалық-құқықтық базасының жетіспеушілігі жүйенің әлеуметтік мәртебесін қамтамасыз ете алмайды, оның даму мүмкіндігін шектейді, қосымша білім беру ұйымдарын материалдық жағынан ынталандыру шараларын әзірлеуді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

- Бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі. Қосымша білім беру ұйымдары өз қызметін дамытуға аймағына байланысты минимальды қаржыландырудан 40-80 пайызын алады. Жетпеген қаржы ақылы төлемақы есебінен толықтырылады, ал ата-аналардан жиналатын қаражат есебінен түрлі білім беру қызметіне жұмсалатын қаржы 20-дан 60 пайызға дейін құрайды.
- Бір баланы қаржыландыру шектеулі және әр аймақта әр түрлі. Бір балаға бөлінген ең төменгі шығын көлемі жылына 19 000 теңгені құрайды (Қызылорда облысы) 32 317 теңгеге дейін (Маңғыстау облысы). Бір балаға бөлінетін қаржылық шығынның кепілді нормативін әзірлеу қажет.
- Қосымша білім беру мен негізгі білім беру арасындағы сабақтастық жүйесіз жүзеге асырылуда. Қосымша білім беру мектеп білімінің баланың жеке талабын өзектендіруді, әр оқушыға табыс әкелетін, оның өзін-өзі танытуына жағдай жасау мақсатындағы негізгі әлеуетін нашар қолданады.
- қосымша білім беру мазмұнын білім беру үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негіздері негізінде жаңарту, индустриалды, ақпараттық қоғамның талабынан туындаған жаңа бағдар, формаларды (қашықтықтан оқыту құралдары, телекоммуникациялық байланыстар және т.б.) әзірлеу және енгізу тежелуде.
- Қазақстанның аймақтарында балалардың қосымша білім беру ұйымдарына қатысуының әртүрлілігі байқалады, ауылдық жерлердегі балалардың қосымша білім алу қоры әлсіз. Қосымша білім беру ұйымдары көбінесе ірі қалаларда шоғырланған. 620 ұйымның 284-і ғана ауылда.
- Балалардың қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жағдайы бүгінгі күн талаптарын, әсіресе ғимараттардың техникалық жағдайы қанағаттандыра алмайды. Тек 159 (620-дан) қосымша білім беру ұйымы типтік ғимаратты иеленген, ал қалғаны икемделген немесе жалданған, олардың кейбіреулері ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын қажет ететін ғимараттарда орналасқан.
- Балаларға қосымша білім беру жүйесінің кадрлық қамтамасыз етілуін жетілдіру қажет. Өйткені қосымша білім беру ұйымдары педагогтарының бір бөлігі кәсіби-педагогикалық мамандығы жоқ, нақты пәндік-практикалық сала мамандары.
- Қосымша білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді талап ететін инклюзивті білім беру проблемасын шешуге назар аударуды күшейту керек.

- Балаларға қосымша білім беру ұйымдары мен ата-аналар қауымдастығы, бизнес субъектілері, және азаматтық қоғам арасында әлеуметтік серіктестік нашар дамыған.
- ұлттық сананы, азаматтық біртектілікті, ұлтаралық және конфессия аралық толеранттылықты қалыптастыруда, өскелең ұрпақтың этномәдени талабын қанағаттандыруда, балаларды денсаулық пен салауатты өмір салтына, оның барлық аспектілеріне (адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық және физикалық) құндылық қатынасын тәрбиелеуде қосымша білім беру ұйымдарының рөлі төмен.
- Қосымша білім беру жүйесінің педагогтарының белгілі топтарында Қазақстандағы білім беру парадигмасының орталық білім беруден кұзыреттілікке (тәжірибелік-бағдарлы) қарай өзгергенін сезінуге деңгейі жетпейтіндігі байқалады.
- педагогтардың кейбір топтарына әдістемелік, психологиялық-педагогикалық, гуманитарлық даярлық деңгейінің, сондай-ақ қосымша білім берудің 12 жылдық білім беруге көшу жағдайында оқушыларға кәсіби бағдар беру және бейіндік оқытудағы рөлін түсіну деңгейінің жеткіліксіздігі тән.

Түрлі елдерде мектептен тыс уақытта ұсынылатын қызметтерді белгілеу үшін түрлі терминдер: бос уақыт, қосымша, сыныптан тыс, мектептен кейін, мектептен тыс білім беру, бейресми білім беру бағдарламалары қолданылады. ЮНЕСКО топтауына сәйкес бейресми білім беруге (*non-formal education*) білім берудің дәстүрлі жүйесінен тыс жүзеге асырылатын оқу бағдарламалары мен курстар жатады. Бейресми білім беру белгілерінің ресми білім беруден өзгешелігі мынадай: сыныптан тыс, мектептен тыс «қосымша» деген сипатқа ие әрекеттер сыртта өтеді, назар орталығы әрекет түрлерін еркін таңдау мүмкіндігі бар бала болу қажет; бейресми білім бағдарламаларының мақсаты жауапкершілігі жоғары азамат тәрбиелеу болып есептеледі; тұлғаны дамыту үдерісіне бағыттылығы, қажетті ақпаратты өз бетінше табуға үйрету, өзгермелі қоғамның жас ұрпаққа қояр талабына жылдам назар аудару қабілеті; бейресми оқытудың нәтижесі әрқашан сәйкес құжатпен (диплом немесе сертификат) рәсімделе бермейді; бейресми оқыту жағымды, қысымсыз болу керек; ынталандыру әдісі белсенді қоланылады.

Терминологиядағы өзгешелік жалпы алғанда Европалық білім беру кеңістігінде бейресми білім беру ұйымдарының формаларының, мазмұнының мәнін өзгертпейді.

Соңғы жылдары дамыған шетелдерде бейресми білім беру жүйесінің дамуында бірқатар тенденция байқалды:

- білім кеңістігін реформалау гуманизациялау, гуманитаризация, көпнұсқалылық және үздіксіз, ғылымилық, мәденилік, салалық, тартымдылық, технологиялық, икемділік және жылдамдық, кіріктірілу, қамтамасыз етілу, болжамдық ұстанымдарымен сәйкестікте өтетін үздіксіз үдеріске айналды;
- бос уақытты, балалардың бос уақытын қамтитын қызметті ұйымдастыруға қоғам назарын аударуда;
- балаларға бейресми білім беру жүйесінде балалар мемлекет пен қоғамның арнайы саясатының объектісіне немесе компонентіне айналып отыр;
- балаларға бейресми білім беру құзыреттілікті (тұлғалық, әлеуметтік, білімдік, азаматтық, шығармашылық) қалыптастыруға; көшбасшы дағдыларын игеруге, әлеуметтік рөлін қабылдауға, өзін өзі тануға, топта жұмыс істеуге, өзара келісімге келуге, сондай-ақ тілдерді үйренуге бағдарланған. Игерген дағдылар, сапалар мінез-құлықтан, құндылық бағдардан, тәртіптен (құрмет білдіру, жауапкершілік, толеранттылық, эмпатия, өзін-өзі құрметтеу, қарсылықсыз мінез-құлық және т.б.) көрініс табуы тиіс. Еуропалық Кеңес пен Еуропалық Одақтың зерттеулеріне сәйкес жақын арада осы тенденцияның өсуі күтілуде;
- балаларға бейресми білім беру жүйесінде оның коммерцияланғаны нақты көрсетілген;
- нарықтық стратегияны, инвесторлық пайдасымен, табысымен басқаратын жеке компаниялар саны өсуде;
- мемлекеттің басқару рөлі мен балаларға бейресми білім беруге қатынасын өзгертуге әкелетін азаматтар құрған жеке ұйымдардың пайдасына мемлекеттің ықпалдылығын жою күш алуда;
- кадрлық әлеуетті: кәсіби қызметті құратын әдістемелік, практикалық, қолданбалы сапалы даярлауға баса назар аударылуда;
- балаларға бейресми білім беру мазмұнына өсіп келе жатқан, балалардың туылуының төмендеуінен (еуропалық елдерде) туындаған даралық («Мен», «барлығы», «қазір», «көңілді») елеулі әсер етуде, және ол күрделі моральдық ситуация туғызады;
- қоғам бөлігінің (5-10% бала) проблемасына бағдарланған қамқорлық жүйесі едәуір дамуда. Үкімет тарапынан қаржылық көмектің барлығына жуығы балаларға және маңызды проблемасы бар жастарға бағытталған. Бұл тұжырымдама басым орын (әсіресе Батыс Еуропа елдерінде) алады.

Қосымша білім беру жүйесі қызметін дамыту – міндетті элементі бір жағынан танылған, қоғам өмірінің социомәдени және экономикалық


өзгерістерін ескеретін, екінші жағынан білім беру қызметінің нарығына тиімді ықпал ететін жүйенің жағымды тұрпатын құру мәселесін шешу.

3. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының желісі және контингенті

Республиканың 641 қосымша білім беру ұйымдарында 2012 жылғы 1 қазандағы жағдайы бойынша 600 мыңнан астам білім алушылар қамтылған, ол балалардың жалпы саны бойынша 22,9% құрайды.




Информация о сети организаций дополнительного образования



Количество организаций дополнительного образования в республике – 641 (2011 год - 621)
Государственные 608 (2011 год - 594), частные 33 (2011 год - 27)

2011 жылмен салыстырғанда қосымша білім беру ұйымдарының саны 20 бірлікке, ал қамтылған балалар саны – 26761-ге өсті.

Информация о контингенте детей в организациях дополнительного образования в 2012-2013 уч. году





Всего обучающихся – 2 491 239, из них во внешкольных организациях 563 833 детей (22,9%)

Республиканың қосымша білім беру ұйымдарында **563833** балалар қамтылған, бұл **22,9 %-ды** (2011 жылы – 21,6%) құрайды. Олардың ішінен:

оқушылар сарайлары, үйлері – **189** (2011 жылы – 175);
 жас туристер станциялары – **26** (2011 жылы – 21);
 жас техниктер станциялары және техникалық шығармашылықтар орталықтары – **21** (2011 жылы - 19);
 жас натуралистер станциялары – **18** (2011 жылы – 18);
 балалар музыкалық мектептері – **206** (2011 жылы -208);
 балалар көркем мектептері – **30** (2011 жылы – 31);
 балалар өнер мектептері – **110** (2011 жылы -105);
 қызығушылықтар бойынша клубтар – **24** (2011 жылы – 36);
 жыл бойғы лагерьлер – **10** (2011 жылы – 7);
 аула клубтары – **7** (2011 жылы – 7).



Қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық бағытын **515** аула клубтары қамтамасыз етеді. Оларда 81, 375 оқушылар қамтылған.



Балаларды ең көп қамтыған: Батыс-Қазақстан (83,3%), Қостанай (62 %), Қарағанды (44,9), Шығыс-Қазақстан (36,5), Астана қаласы (33,1 %), Ақтөбе (30,2 %), Павлодар (26,3 %), Солтүстік-Қазақстан облыстарында (23,8 %).

Балаларды ең аз қамтыған: Оңтүстік-Қазақстан (7,0 %), Қызылорда (8,3 %), Атырау (8,5 %), Алматы (11 %), Жамбыл (13,1 %), Алматы қаласы (19 %), Ақмола (19,4 %), Маңғыстау облыстарында (20,8 %).

641 ұйым және олардың 19 бөлімшелік құрылымдары 660 ғимаратта, оның ішінде 163-і типтік, 472-і – ыңғайластырылған, 16-сы – мектеп жанындағы, 6-ы – жертөледе, 3-і – арендаға алынған ғимараттарда орналасқан. 179 ғимарат күрделі жөндеуді талап етеді, 22 – апатты жағдайда.


27 мемлекеттік емес қосымша білім беру ұйымдарының 266 үйірмесінде 5 979 бала білім алады. Типтік ғимараттарда – 9, ыңғайластырылғаны – 18, күрделі жөндеуді талап ететіні – 5.

Қосымша білім беру жүйесінде 17308 педагог жұмыс істейді, оның ішінде біліктілік арттыру курстарынан өткені – 3676, ол 21,3% құрайды.

Олардың ішінде білімі жоғары - 74,9%, орта білімді – 23,5%, аяқталмаған жоғары немесе орта кәсіби білімі бары – 0,8.

Сондай-ақ, қосымша білім беру бағдарламалары жалпы білім беру мектептерінде жүзеге асырылады.

Өңірлердің білім басқармаларының 2012 жылғы 1 қазандағы есебі бойынша еліміздің 7 372 мектептерінде 53 272 үйірмелер жұмыс істейді, олар 871 437 балаларды қосымша біліммен қамтиды, ол 35,1% құрайды.



В 7372 школах страны функционирует 53272 кружка, в них детей – 871437 (35,1 %)


Мектептердегі 38 753 спорт секцияларында 659 135 бала спортпен айналысады, ол 26,5% құрайды.

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері бойынша агенттігінің ақпаратына сәйкес елімізде 418 спорт мектептері қызмет істейді, оларда 265 013(10,6%) балалар қамтылған.




Қосымша білім берудің оқу бағдарламалары мына негізгі: ғылыми-техникалық, спорттық-техникалық, көркем-эстетикалық, туристік-өлкетану, экология-биологиялық, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық, мәдениеттілік, жаратылыстану-ғылыми бағыттар бойынша іске асырылады.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінде оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылық ұйымдары маңызды орынды алады. Қазақстанда жас техниктердің 21 станциялары және техникалық шығармашылық орталықтары жұмыс істейді. Онда 11 мыңнан астам оқушылар білім алады. 189 балалар шығармашылық үйлерінде, орталықтарында ғылыми-техникалық бөлімдер, техникалық бейінді үйірмелер ашылып, жұмыс істеуде. Оқушылардың республикалық техникалық шығармашылық жарыстары өтті. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен 130 бала қатысты.



Всего станций юных техников – 21, в них детей – 11 734

Табиғатты зерттеуге және қорғауға қызығушылық дамып келеді. Балаларға экологиялық-биологиялық қосымша білім берудің негізін табиғатты қорғау қызметіне, оқу-зерттеу жұмыстарына бағытталған 18 жас натуралистер және экология-биология орталықтары құрайды.




Всего станций юных натуралистов – 18, в них детей – 12 315

Қазіргі кезде республикада 26 жас туристер-өлкетанушылар станциялары және орталықтары жұмыс істейді. Оларда 16 мыңға жуық оқушы білім алады.




Республикада 206 балалар музыкалық мектептері 45 520 оқушыны қосымша біліммен қамтамасыз етеді.



110 балалар өнер мектептері хореография, бейнелеу өнері бойынша 43 437 баланың дамуын жүзеге асырып отырады. Басқа бағыттардың ішінде театралдық шеберлікке оқыту кеңінен таралып келеді. Әрбір облыста мемлекеттік, орыс және басқа тілдерде қойылымдар көрсететін балалар театрлары бар. Онда мектеп жасындағы тәрбиеленушілер театрмен айналысады. Жас театрлар да бар.



Республикадағы 30 балалар көркем мектептері 10 002 оқушыны қосымша біліммен қамтамасыз етеді.



24 қызығушылығы бойынша клубта, 10 жыл бойғы лагерьде, 7 аула клубтарында, сондай-ақ қосымша білім беру ұйымдары жанындағы 508 аула клубтарында 120 мыңнан астам баланың бос уақыттары қамтамасыз етілген.



Алайда, еліміздің әлеуметтік-экономикалық, индустриалды-инновациялық дамуының заманауи бағыттары қосымша білім беру жүйесінің жаңа әдістерін, ұйымдастыру түрлерін және модернизациялауды талап етеді.

Қазіргі уақытта қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы жаңартуды және заманауи интерактивтік жабдықтармен қамтамасыз етуді талап етеді.

Бүгінгі күні елімізде оқушылардың бойында зерттеу ізденісінің шығармашылық дағдыларын дамытуға жүйелік әдіс жоқ. Көптеген әртүрлі деңгейдегі білім беру ұйымдары тәжірибеге бағдарланбаған, яғни функционалдық сауаттылықты қалыптастырмайды.

Бүгін қазақстандық білім беру жүйесінде оқу үдерісінің практикалық жағына жеткіліксіз көңіл бөлінген, оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктері есепке алынбайды.

Мемлекет елбасы анықтаған міндеттерді орындауда тұлғаның қызығушылығын және қабілеттерін, оның жеке білім алу жолын дамытуды қамтамасыз ететін балаларға қосымша білім берудің рөлі ерекше маңызды.

Бүгін адамның білімі тек қана арнайы пәндік білімдермен анықталмайды, сонымен бірге оның адам ретінде отанымыздың салт-дәстүрлерін және әлем мәдениетін, заманауи құндылықтар жүйесін білетін, қоғамда әлеуметтік белсенді бейімделуге, өмірде өздігінен таңдау жасауға, білім алуға және өзін өзі жетілдіруге қабілетті тұлға ретінде жан-жақты дамуымен анықталады.

Сондықтан білім беру процесі баланың жан-жақты дамуына, оның шығармашылық мүмкіндіктерін, қабілеттерін және құлшыну, өнерпаздық, қиялшылдық, табиғи болмыс секілді, яғни адамның жеке тұлғалығына қатысты ерекшеліктерін ашуға бағытталуы тиіс.

Қазақстан азаматтарының жас ұрпағына патриоттық тәрбиені қамтамасыз ету, ұрпақтың сабақтастығын сақтау, ұлттық мәдениетті дамыту, туған өлкенің тарихи және мәдени мұрасына ұқыпты қарауды тәрбиелеу үшін, білім беру ұйымдарында туған өлкені зерттеу бойынша бұқаралық қозғалысқа білім алушыларды тартуды қарастыратын тарихи-өлкетану және туристік-экспедициялық бағыттағы «Атамекен - алтын бесігім!» өңірлік танымдық-зерттеу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу қажет.

Сондай-ақ, ғылыми-техникалық бағыттағы «Мектеп табалдырығынан ғылымға» және әлеуметтік бағыттағы «Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын» атты өңірлік бағдарламаларды әзірлеп, енгізу қажет.

Білім берудегі тұлғаға бағытталған, құзырлылық әдістер жағдайында теориялық білім беру қосымша білім беру ұйымдары қамтамасыз ететін практикалық сабақтармен қатар жүруі тиіс.

Республикада балалардың ғылыми ойлау қабілетін және ғылыммен айналысуға талпынуын дамыту үшін ғылыми интерактивті орталықтар жоқтың қасы.

Білім қоғамына қарай қадам басу жағдайында әртүрлі ведомстволар тартылған өндірістік және әлеуметтік бағыттағы балалар ұйымдарын құру арқылы тәжірибеге бағытталған білімге көшу қажет.

Осыған орай, ғылым қалашығы, балалар ғылым мұражайлары, технопарктер, бизнес-инкубаторлар, балалар банктері, шаруа немесе фермерлік шаруашылықтар т.б. сияқты қосымша білім беру ұйымдарының жаңа түрлерін құру талап етіледі.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарында қызметтің әлеуметтік-педагогикалық үлгілерін енгізу қажет, себебі осы ұйымдардың жұмыс дәстүрлері, стилі және әдістері социумның ерекшеліктерін барынша ескереді. Бұл балаларға азаматтық тәртіп, демократиялық мәдениет негізінің, тұлғалық құндылықтың тәжірибесін жинақтауға, мамандықты саналы таңдауға, әртүрлі аспектілер бойынша білікті көмек алуға

мүмкіндік береді. Бұл үнемі өзгеріп тұратын өмір жағдайларына балалар мен жастардың әлеуметтік бейімделуіне әсер етеді.

Балаларға қосымша білім беру жүйесі ведомствоаралық негізде дамуы және балалардың дамуына қолдау кепілі болуы керек. Мемлекеттің балаларға қосымша білім беруге жұмсаған қаржылық шығындары қазақстандық қоғамдың және еліміздің келешек дамуына, қоғамның зияткерлік, ғылыми-техникалық, шығармашылық және мәдени дамуының кадрлық әлеуетіне ұзақ мерзімді инвестициялары болып табылады.

4. Халықаралық тәжірибе

Қазақстандағы балаларға қосымша білім беру жүйесін жетілдіруде шет елдердің нәтижелі тәжірибелері қажет етіледі.

Шер елдердің оқу жоспарында олардың даму бағдарламаларында тұлғалық және жекелік қажеттіліктерін қанағаттандыру қарастырылған. Ата-аналармен немесе қоғамдық ұйымдармен ұйымдастырылып және қаржыландырылатын бейресми білім жүйесі бар.

Көрме, мұражай және ғылыми – оқу бағдарламалары арқылы балаларды, жастарды, қоғамды ғылымға көңілдерін аудартатын әлемде ірі орталықты құру тәжірибесі бар.

1853 жылы оқымысты-натуралистер тобымен Сан-Францискодағы Калифорния ғылым Академиясының Колифорния штатында ғылымды көпшілікке тарату орталығы құрылды. Қазіргі уақытта халықаралық ғылым және білім орталығы болып табылады. Тапсырмасы – табиғатты қорғау және зерттеу, қоғамды ғылымды меңгеруге қызықтыру. Орталыққа аквариум, планетарий, жаратылыстану мұражайы, тропикалық орман, жер сілкіну симуляторы кіреді. Жануарлар әлемінің түрі бар болғаны 40 мың.

Парижде Лувр мен Помпида Орталығынан кейінгі ғылым мен индустрия Қалашығы жұмыс жасауда (La Cité des Sciences et de l'Industrie). Тапсырмасы – балалар арасында ғылыми-техникалық білімді тарату, жасөспірімдердің және азаматтардың ғылымға деген қызығушылықтарын ынталандыру, өнеркәсіптік және зерттеумен. 1980 жылы Жискара д'Эстена бастамасымен бұрынғы ет азық-түлігінің павильон базасында La Cité құрылды.

2010 жылы Н.Саркозидің (2009ж.) жарлығымен La Cité және Сарайдың ашылуы индустриалды-коммерциялық орталықтың статусымен «Universcience» бірыңғай мұражаймен біріктірілді. Бұл

статус индустрия секторы мен зерттеу институтының қатысуымен мұражай басқаруының модулін болжайды.

La Cité өзіне аттракциондарды, ұшақта ұшу еліктілігі, адамның ішкі жан дүниесіне саяхат, барокамера, зымыран және әскери сүңгуір қайықты, планетарий, әр түрлі экожүйенің түрлерін және тағы басқаларын қосады. Аталмыш Орталықта мектеп білім алушыларына міндетті оқу бағдарламасы берілген.

1996 жылы Куала Лумпурда Премьер-министра Махатхир Мохаммадтың қолдауымен Ұлттық ғылым орталығы (Pusat Sains Negara) ашылды. Орталықтың тапсырмасы – малазиялықтардың ғылымды, технологияны, инновацияны меңгеруге қызығушылықтарын көтеру. Ғылым, технология және инновация Министрлігі арқылы қаржыландырылып, басқарылады.

Будапеште Ғажайып Сарайы (Csodák Palotája) құрылған. Рубик Халықаралық қоры және Венгрия Ғылым Академиясының қолдауымен 1993 жылы Лоранда Этвёш атындағы Физиктер ассоциациясы өткізген мобильді ғылыми ойындар алаңы бағдарламасы себеп болды.

1996 жылы Будапеш ғылым орталығының қоры мен Рубиктің қоры тұрақты көрмелер базасында Ғажайып Сарайды құрды. Ғажайып Сарай – Шығыс Европадағы бірінші орталық, көрмелерді қолдану арқылы ғылымды интерактивті меңгеру, логикалық ойындар мен жаңа технология. Тапсырмасы – мектепке дейінгі және мектеп жастағы балаларды жаратылыстану ғылымна деген қызығушылықтарын дамыту.

Қазіргі уақытта әлемнің 40 елінде 500-ден астам балалар ғылыми қалашығы жұмыс істейді.

Орталықтың, саябақтардың, ғылыми қалашықтардың, балалардың бейінді лагерінің мақсаты – балаларды ғылым мен технология саласында өздерінің білімдерін дамытып және меңгеруін, болашақ оқымыстыларды, инженерлерді дайындау, қоғам мен ғылым арасындағы тығыз байланыс.

Келтірілген мысалдардың жалпы сипаттамасы:

Орталықтарды құру барысында әр түрлі саладағы ең озық технологияларды пайдалану;

ғылыммен өз бетінше танысуға мүмкіндік беретін оқыту бағдарламаларының болуы;

мемлекеттік-жеке кәсіпорын моделін пайдалану;

мемлекет басшысының, ірі өндірістік компаниялардың, қоғамдық қорлары мен корпорациялары жетекшілерінің бастамасы бойынша және қатысуымен құру.

5. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың тұжырымдамалық негіздері

5.1. Қосымша білім берудің мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

қосымша білім беру жүйесінде балалардың бос уақытын мазмұнды және толыққанды ұйымдастыруға, олардың сапалы қосымша білім алуына, оқушы тұлғасының дамуына, әлеуметтік және кәсіби қалыптасуына, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде олардың мүддесіне, талаптарына, қабілеттеріне, икемділігіне және талантына қарай дамыту және анықтау жолымен тәрбиелеу үшін қажетті жағдай жасау.

Міндеттері:

1) біртұтас білім беру кеңістігін құруға арналған жағдай қалыптастыру, оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс формасын, мазмұнын, әдістерін анықтау, қосымша білім беру жүйесінде оқушылардың қызығушылығы мен талаптарын, олардың тұлғалық дамуын және қоғамда табысты (икемделуін) әлеуметтенуін біршама толық қанағаттандыруға арналған шығармашылық қызмет түрлерін кеңейту;

2) білім алушыларға педагогикалық, психологиялық, олардың әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтауларына, өзгермелі өмір жағдайына және еңбекке практикалық даярлығына қолдау көрсету;

3) білім беру үдерісін әлеуметтік, тұлғалық, мәдени, кәсіби бағдарлық, валеологиялық, құзыреттілік және бос уақытты қамтамасыз етуге мақсатты тәрбиелеуге бағытталған оқу бағдарламалары негізінде ұйымдастыру: а) құзыретті, рухани бай, шығармашыл тұрғыда ойлайтын, әлеуметтік белсенді және көпмәдениетті мен экологиялық білімді ұлттық сана-сезімі және жалпыадамзаттық құндылықтарға (патриоттық, гуманистік, толеранттылық) бағдарланған ұлттық намыс деңгейі жоғары тұлға;

4) өз бетімен қол жеткізуге, салыстыруға, қатар қоюға, өндеуге, жинақтауға және алынған білімін өмір сүру проблемасын шешуге қабілетті, одан әрі және өз бетімен білім алуға, негізгі құзыреттіліктерді (ақпараттық, коммуникабельдік, әлеуметтік, азаматтық, технологиялық т.б.) игеруге және меңгеруге даяр, ұжымдық қойылған мақсатқа жетуде топта жұмыс істей алатын білім алушының тұлғасының жалпы мәдениетін тәрбиелеу;

5) дамуында ауытқуы бар, сондай-ақ жеке проблемасы бар («риск» тобындағы балалар) балалармен адамгершілік сапалар, шығармашылық әлеуметтік белсенділік, денсаулыққа және салауатты өмір салтына

құндылық қатынас, түрлі құбылыстарға, өмір сүру мәнін түсінуге, беріктікке қалыптастыру мақсатында жүргізілетін жұмыс.

5.2. Негізгі идеялар мен ережелер

Негізгі идеялар мынадай:

- тұлғаның жан-жақты шығармашылығын дамытуға және әлеуметтенуіне қажетті жағдай жасау идеясы;
- білім және ақпарат алуға, демалуға және бос уақытын пайдалануға, бос уақытында ғылыми және қоғамдағы мәдени өмірге қатысуға құқығын жүзеге асыру идеясы;
- балаларға қосымша білім беретін ұйымдарда балалардың жеке тұлғасын дамытуға ықпал ететін жалпықұндылық мүддесін қалыптастыруды іске асырылатын бос уақыт идеясы.

Тұжырымдамалық негіздер төмендегі ережелерге сүйенеді:

- балаларға қосымша білім беру бұл баланың өзі таңдаған әрекет саласында оның шығармашылық дамуы, әлеуметтенуі, өмір сүру тәжірибесі өзі үшін, өмірлік маңызы зор проблемаларды шешуі үшін маңызды үздіксіз жеке білім алу траекториясын жасайтын және мақсатты бос уақытты пайдалануды, өмірлік құндылық пен бағдарлық қарым-қатынас ортасын таңдауды ұйымдастыратын Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің бөлігі;
- балаларға қосымша білім беру өзіне тән тұлғаның «жақын даму зонасына» бағытталған ерекшеліктері бар;
- балаларға қосымша білім беруде тәрбие мен оқыту үдерісі тұлғаның базалық және өмірлік маңызы зор талаптарын (шығармашылық-жасампаздық әрекеттегі, құрмет пен сезіну, қажетті әлеуметтік мәртебеде, өмірдің мәнінде, өзін-өзі тануда, өзін-өзі танытуда, өзін-өзі жүзеге асыруда, өзін-өзі дамытуда, өзін-өзі тәрбиелеудегі талаптары) қанағаттандыруға және жеке сапаларға, қабілеттерге, қызығушылықтарға практикалық-бағдарлы сабақ үдерісінде дамытуға бағытталған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру жүзеге асырылады;
- қосымша білім беру білім ортасының ресурстары мен әлеуетін баланың өзіндік «Менін» ашуға, әлеуметтік өзін-өзі анықтауы мен өзіндік кәсіби ізденіс қабілетін сезінуіне қолдану мүмкіндігін береді;
- қосымша білім беру тұлғаның өзін-өзі таныту кеңістігін кеңейтеді, оның түрлі саладағы танымын дамытады, әрекет түрлерін түрлі тәсілмен игеруге көмектеседі, сабақтарда өзін өзі анықтауына, әрекет салаларында кәсіп, мамандық қатарымен танысуға,

- әлеуметтену, жобалау, зерттеу және еңбек әрекеті тәжірибесін игеруге мүмкіндік береді;
- балаларға қосымша білім берудің белгіленген аяқталу мерзімі жоқ, оны жас кезеңдерінің кез келгенінде бастауға болады;
 - қосымша білім беру тұлғалық бағдарлы, ізгілікті және құзыретті баланың дамуы мен жеке дамуын қамтамасыз ететін бағдарлы білім беруді білдіреді;
 - балаларға қосымша білім беру тұлғаны дамытуға арналған ең жоғарғы деңгейдегі пәнді (түрі), педагогты және қызығушылық бірлестігін ерікті таңдау жағдайында жүзеге асырылады; жыл бойы кәсіби мамандар («каникулсыз білім алу») өткізеді;
 - қосымша білім беру тұлғаның таным қабілеттері мен шығармашылық талаптарын дамытуға, жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің мүддесіне арналған түрлі білім беру бағдарламаларын іске асыруға керемет жағдай жасайды.

5.3. Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді дамытудың әдістемелік негіздері

Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту келесі әдістемелік тәсілдерге негізделеді:

Ізгілік, тұлғалық-бағдарлы тәсіл – білім беру үдерісін жеке тұлға мүддесіне бағындыратын, баланың жеке білім алу «траекториясын» қамтамасыз ететін, ересектер мен бала арасындағы оқушының өзін-өзі танытуына ықпал ететін ынтымақтастықты білдіретін тәсіл.

Жүйелі тәсіл балаларға қосымша білім беру күрделі көп қызметті және көп деңгейлі әлеуметтік-педагогикалық білім беру ортасы мен әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі ашық түрдегі жүйені білдіреді. Қосымша білімді дамытудың жалпы логикасына сәйкес онда жүйе түрінде мақсатты, мазмұнды, оперативті, нәтиже-бағалау блоктары болып бөлінеді.

Синергетикалық тәсіл контексінде қосымша білім беру жүйесі және оның қатысушылары сыртқы ортамен және объективті және субъективті факторлардың ықпалындағы басқа да жүйелермен өзара белсенді әрекетінің арқасында тұрақты дамуға қабілетті өзіндік даму жүйесі ретінде қарастырылады.

Әрекеттік тәсіл қосымша білімді педагогтар мен тәрбиеленушілердің әр индивидтің шығармашылық, мәнді күшін белсенді пәндік әрекет арқылы дамытуға және оған ықпал етуге, қоршаған ортамен қатынасына, қоғамдық қатынас жүйесіне табысты енуіне қажетті әлеуметтік мінез-құлық тәжірибесінің қалыптасуына бағдарланған ұжымдық шығармашылық әрекеттерге арналған білім беру кеңістігі ретінде қарастыруды ұсынады.

Аксиологиялық тәсіл балаларға қосымша білім беру жүйесі бағдарланған құндылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Балаларға қосымша білім беру жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы, өзінің өмір сүру мәні, мақсаттары мен ресурстарын түсінуі арқылы өзіндік құндылық бағдары ретінде қарастырылады. Балаларға қосымша білім беру мазмұнының негізінде жеке тұлғаның адамгершілік өзегі мен ұстанымдарын өмірлік стратегиялық мақсаттары мен өмір сүру әрекетінің басты мотивтері қызметін орындай отырып анықтайтын құндылық иерархиясы жатыр.

Социомәдени тәсіл қосымша білім беруді баланың қоғамдағы мәдени байланысқа белсенді араласатын, өзіндік әлеуметтік (рөлдік) мінез-құлықты қалыптастыратын, әлеуметтік өзара әрекетін кеңейтетін әлеуметтік-мәдени кеңістіктің құрамдас бір бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Құзыреттілік тәсіл балаларға қосымша білім беру мазмұнын жаңарту негізінде «негізгі құзыреттіліктер» жатқанын білдіреді. Сонымен қатар негізгі нәтижелер әр білім алушының жеке негізгі құзыреттері болып табылады. Басымдық қарым-қатынастың негізгі білігін меңгеруге, түсінуге, шешім қабылдауға беріледі. Балаларға негізгі және қосымша білім берудің қазіргі моделінің маңызды бөлігі практикалық дағдыларға, білімді қолдану қабілетіне, жаңа білім алуға, өзіндік жобасын іске асыруға бағдарлануы болып есептеледі.

Культурологиялық (мәдени) тәсіл адамды ғажайып мәдениет әлемі ретінде, ал оның қалыптасуын жалпыадамзаттық пен ұлттық құндылықтардың өзара әрекеттестік үдерісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Балаларға қосымша білім беруде әркімнің жеке талабын бағдарлай отырып тәрбиелеу жеке тұлғаның әлемдік мәдениетке, өзіндік даму стратегиясын қалыптастыруға игі ықпал етеді.

Педагогикалық қолдау – бұл жеке бағдарлы қолдауды ұйымдастыру, балалардың өзіндік дамуына, өз бетімен ізденуіне, әлеуметтік ақиқатта өз бетімен жол табуға қолдау көрсету.

Кешенді тәсіл қосымша білім беру тұлғаның біртұтастығын, өзара байланысты компоненттерден тұратын педагогикалық үдеріс пен оның барлық жағын өзара байланысты біртұтас жүйе ретінде қарастырады.

Кешенді тәсіл қосымша білім беру жүйесінің барлық құрамдас бөлігінің бірлескен бірлігінің жетістіктерін бағдарлайды.

Өнімді тәсіл білім алушының шынайы кәсіби әрекетке ең жақын, білім беру бағдарламаларын іске асыру үдерісінде білім алушының жеке және әлеуметтік сыртқы және ішкі мәні бар өнімдерді алу бағдарын білдіреді.

Балаларға қосымша білім берудің жаңа сапасының пайда болуы көпұлтты мемлекетте этномәдени және көпмәдениеттілік дәстүрлері аясында ғана мүмкін.

Этномәдениеттілік тәсіл әр бала өз мәдениетінің ғажап өкілі екенін сезінуді талап етеді. Сондықтан қосымша білім берудің оқу-тәрбие саласы ұлттық дәстүр мен идеалдарды ескере отырып, этникалық тәрбиеге, ұлттық сана-сезім мен ұлтаралық мәдени қатынасқа бағдарлануы тиіс.

Көпмәдениеттілік тәсіл этникалық дәстүр, қазастандық құндылық пен әлемдік мәдениетке негізделген, басқа ұлттың мәдениетін қабылдауға, мәдениаралық, толеранттық өзара ықпалдастықты жүзеге асыруға қабілетті этномәдени және азаматтық өзін-өзі танытуды жүзеге асыратын қазіргі заманғы жеке тұлғаны қалыптастыруды бағдарлайды.

Балаларға қосымша білім беру мынадай *ұстанымдарға* сүйенеді:

- білім беру үдерісінің демократиялылығы мен гуманистік бағыттылық;
- қосымша білім берудің жүйелілігі мен үздіксіздігі;
- қосымша білім берудің тәрбиелік сипаты;
- қосымша білім берудің мәдени бейнелілігі;
- білім беру үдерісі негіздерінің практикалық әрекеттілігі;
- тұлғалық қажеттілікке, мүдделікке, баланың қабілетіне, оның әрекет түрлері мен саласын еркін таңдауына бағдары;
- балалардың жас және жеке ерекшелігінің ескерілуі;
- ұлттық-мәдени дәстүрлердің сақталуы мен дамуы;

- отбасымен байланыс, отбасының мәдени-білім беру мүддесіне бағдар;
- жалпы және қосымша білім берудің кірігуі мен өзара ықпалдастығы;
- ашықтығы, көпнұсқалылығы, икемділігі, оны басқару жүйесімен серіктестігі.

5.4. Қосымша білім беру жүйесінің басымдылықтары

Қазақстан Республикасында қосымша білім беру көпдеңгейлі әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде мыналарды қамтиды:

- 1) қосымша білім беру ұйымдары мен балалардың қоғамдық бірлестіктерінің аймақтық желісі;
- 2) балаларға қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асырудағы білім беру үдерісіне қатысушылар – қосымша білім педагогтары, балалар, ата-аналар, әлеуметтік бизнес серіктестігі, әдіскерлер, басқару кадрлары;
- 3) балаларға қосымша білім беретін оқу бағдарламаларының сабақтастық жиынтығы;
- 4) балаларға қосымша білім беру саласына арналған білім беру ұйымдары, ғылыми ұйымдар, ғылыми орталықтар және педагог кадрларды даярлау мен қайта қаярлау және біліктілігін арттыру зертханалары;
- 5) Қазақстан Республикасында балаларға қосымша білім беруді басқарудың облыстық, аудандық құзыретті органдары.

Түрлі бағдарламалық, әдістемелік, нормативтік материалдарға сүйене отырып, жүйе қосымша білім беру ұйымдарында, түрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы білім беру ұйымдарында іске асырылады және құзыретті республикалық, облыстық, қалалық, аудандық білім беруді басқару органдары, сондай-ақ қосымша білім беру бөлімдері, сәйкес ұйымдардың әкімшілігімен реттеледі.

Қосымша білім беру ұйымдарында білім беру үдерісін ашық жүйелі, белсенді субъектісі педагог пен білім алушы болып есептелетін маңызды компоненттері бар біртұтас педагогикалық үдеріс ретінде қарастыруға болады. Белсенді ашық жүйесіне: мақсаты, міндеттері, мазмұны, педагогикалық таңдаулы құралдар, ұстанымдар, формалар, әдістер мен тәсілдер, тапсырмалар жатады.

Балаларға қосымша білім беру – таза шығармашылық үдеріс, сондықтан ол баланы оятып, өзіндік жолын нақты көрсетіп беруі тиіс. Балаларға қосымша білім беру ұйымдары қызметінің қазіргі кезеңдегі оның дамуындағы тенденция ескеріліп, біршама сараланған білім

мазмұнымен қамтамасыз ететін басым бағыттары мыналар болып табылады:

- жаңа қызмет бағыттарын (ақпараттық, жобалау технологиясы, дизайн, қолөнер, журналистік) жүзеге асыру;
- бағдарламалардың жас ерекшелік ауқымын (мектепке дейінгі жастағы балаларды мектепалды даярлау, жоғарғы сынып оқушыларына арналған ұйымдардың өзара желілі ықпалдастық жаңғдайында бейіндік оқыту) кеңейту;
- білім беру бағдарламаларының спектрін жеке білім алу маршрутын таңдау құқығын қамтамасыз ете отырып кеңейту;
- түрлі деңгейлі білім беру бағдарламаларды (жалпымәдени, тереңдетілген, кәсіпке дейінгі деңгейлік) кеңінен енгізу;

Қосымша білім беру саласындағы балалар әрекеттерінің маңызды бағыттары мыналар:

- түрлі білім беру бағдарламаларын (ізденіс, зерттеу, жобалау, қашықтықтан оқыту т.б.) белсенді игеру;
- әрекеттің түрлі формаларын қолдану (мектеп, қозғалыс, мерекелер, ойын, бос уақыт бағдарламалары, лагерь, ғылыми қоғам, олимпиадалар және т.б.).

5.5. Жалпы білім беретін мектептегі қосымша білім беру функциялары

Жалпы білім беретін мектептегі қосымша білім беру функциялары:

- 1) *білімдік* – баланы қосымша білім беретін оқу бағдарламасы бойынша оқыту, олардың жаңа білімдерді игеруі;
- 2) *тәрбиелік* – жалпы білім беру мекемесінің мәдени топтарын кеңейту және толықтыру, мектепте мәдени орта қалыптастыру, мәдени орта негізінде адамгершілік ұстанымын анықтау, оларды мәдениетке тарту арқылы әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау;
- 3) *креативтік* – тұлғаның дара шығармашылық іске асыру үшін икемді жүйе құру;
- 4) *компенсациялық* – баланың негізгі (базалық) білімін тереңдететін және толықтыратын, жалпы білім мазмұнын игеру үшін балаға ыңғайлы жағдай жасайтын, таңдап алған шығармашылық саласында табысқа жетуге кепілдік беретіндей қызметтің жаңа бағыттарын меңгеруі;
- 5) *реакциялық* – баланың психологиялық-физикалық күшін қалпына келтіретіндей бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру;

- 6) *кәсіптік бағдарлау* – әлеуметтік маңызды белгілі бір қызмет түріне баланың тұрақты қызығушылығын қалыптастыру, кәсіпалды даярлығын қоса өмірлік жоспарын анықтауға көмектесу; мектеп баланың алуан түрлі қызығушылығын танып қана қоймай, оның қабілетін әрі қарай мамандардың көмегімен дамыту үшін қосымша білім беру ұйымын таңдауға мүмкіндік береді;
- 7) *ықпалдастыру* – мектептің бірыңғай білім беру кеңістігін құру;
- 8) *әлеуметтендіру* – балаға әлеуметтік тәжірибені игерту, олардың өмірге қажет әлеуметтік байланыс орнату қабілетін ұдайы өсіру дағдысын меңгерту;
- 9) *қабілеттерін іске асыру* – баланың тіршілік әрекетінің әлеуметтік және мәдени маңызды түрлерінде өзін-өзі анықтауы, оның табысты жағдайды, тұлғалық дамуын сезінуі.

Жоғарыда көрсетілгендермен қатар қосымша білім беру жүйесінің мазмұнында қосымша білімнің дәстүрлі түрлері көрініс тапқан:

- *көркем-эстетикалық қосымша білім беру*: адамның ұрпақ жалғастығын қалпына келтіруге ықпал ететін рухани тәжірибесін жеткізуге, өнер саласындағы құзыреттіліктерін қалыптастыруға, белгілі бір өнер түріндегі қолданбалы дағдыларын дамытуға, эстетикалық тәрбие беруге бағытталған;
- *экология-биологиялық*: экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және баланың табиғатты тануға, қорғауға,биология, география, туған өлке экологиясына қызығушылығын дамытуға бағытталған, үздіксіз экологиялық білім берудің негізгі бөлігі болып табылады;
- *дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыс*: баланың дене бітімінің жетілуіне, салауатты өмір сүруге құндылық қатынасын қалыптастыруға бағдарланған;
- *балалардың туризмін дамыту және өлкетану* адамның, жалпы қоғамның салауатты өмір салтын қалыптастыруға, адамның өмір сүру ортасында тіршілік ету дағдыларын қалыптастыруға, еліміздің өткен тарихын танып білуге бағдарланған;
- *ғылыми-техникалық, технологиялық* талантты оқушы жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығына қолдау жасау және дамытуға бағдарланған;
- *әскери-патриоттық тәрбие* балаларда жоғары патриоттық сезімнің қалыптасуына және өз Отанына адалдық сезімін, Отан құрғау мүддесі бойынша конституциялық міндеттері мен азаматтық парызын орындауға даярлығын дамытуға бағытталған;
- *әлеуметтік-педагогикалық* оқушылардың коммуникативтік, интеллектуалдық қабілеттерін түзетуге, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру, көшбасшы

сапаларын дамытуға бағдарланған. Бұл әрекет жас ұрпақты азамат болып қалыптасуына, әлеуметтік икемделуіне ықпал етеді;

- *культурологиялық, мәдени-этнографиялық* халық педагогикасының жақсы дәстүрлерінің іске асырылуына және осының негізінде балаларды ата-баба мұрасына және ұлтаралық қатынасқа тәрбиелеуге бағдарланған;
- *экономикалық-құқықтық қосымша білім беру* мәдени ойлауды игеруге бағытталған негізгі жалпы мәдени құзыреттіліктерді қалыптастыруға және дамытуға, логикалық ойлау, мемлекеттік-құқықтық және экономикалық-құқықтық оқиғалар мен үдерістерді жалпылау, талдау, бағалалау қабілеттілігіне бағдарланған.

6. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайының талаптарына сәйкес балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңарту жолдары

Білім алушылардың қосымша білім алуына қолжетімділікке мемлекеттік кепілдікті және тең мүмкіндікті қамтамасыз ету:

- 1) заңнама және нормативтік құқықтық базаның балаларға қосымша білім беру бөлігін жетілдіру;
- 2) балаларға тегін қосымша білім беру және жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі, өмірлік қиын жағдайға душар болған басқа категориядағы балалар үшін қосымша білім алуға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қажетті жағдайлар жасау басымдылығын сақтап қалу;
- 3) ұйымдардың желісін дамыту, қосымша және орта білім жүйесінің, ғылым мен өндірістің кіріктірілуі арқылы балаларды қосымша біліммен қамтуды ұлғайту;
- 4) жалпы білім беру мектептерінде және қосымша білім беру ұйымдарында балаларға қосымша білім беруді нормативті қаржыландыруды енгізу;
- 5) балаларға қосымша білім беру жүйесінде заманауи инфрақұрылым құру, материалдық-техникалық базаны нығайту, экономикалық қатынастарды жетілдіру;
- 6) жалпы орта және қосымша білім мазмұны сабақтастығының негізінде білім беру кеңістігінің біртұтастығын сақтау, қосымша білімнің мазмұны мен құрылымын жаңарту, балаларға қосымша білім берудің тиімділігі мен сапасын жетілдіру;

7) балаларға қосымша білім беру жүйесінің ведомствоаралық ерекшелігін дамыту, қосымша білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуде мүдделі органдар мен ұйымдардың жұмысын үйлестіру;

8) білім беру қызметіне әлеуметтік тапсырысқа кешенін маркетингтік зерттеу жүргізу.

Балаларға қосымша білім берудің мазмұнын, ұйымдастыру түрлерін және технологияларын жетілдіру есебінен балаларға қосымша білім беру сапасын қамтамасыз ету:

1) әр түрлі бағыттағы және ұзақ мерзімді жаңа бағдарламалар әзірлеу арқылы балаларға қосымша білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту;

2) білімнің түрлі салалары кіріктірілген және қосымша білім берудің икемділігі мен вариативтілігін қамтамасыз ететін инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

3) инновациялық ғылыми үдеріске, жаңа технологияларға, құрастыруды дамытуға, өнертапқыштық және ғылыми-техникалық шығармашылыққа бағдарланған ғылыми-техникалық бағыттағы жаңа буын бағдарламаларын әзірлеу;

4) балаларға қосымша білім беру жүйесінің тәрбиелік әлеуетін күшейтетін және тұлғаның рухани-адамдық сапасын дамытуға мақсатталған заманауи әлеуметтену бағдарламаларын әзірлеу;

5) тарихи-өлкетану және туристік-экспедициялық бағытта «Атамекен – бесігім алтын!», ғылыми-техникалық бағытта «Ғылымға мектеп табалдырығынан», әлеуметтік бағытта «Мен – Қазақстан Республикасының азаматымын» танымдық-зерттеу өңірлік бағдарламаларын әзірлеу;

6) кәсіби білім беру жүйесінде өзінің органикалық жалғасын табатын, кезеңдік ұзақ мерзімді жеке білім беру маршрутын жасауға мүмкіндік беретін білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету;

7) жаңа технологияларды енгізу, оның ішінде зерттеу жобаларын, ақпараттық, телекоммуникациялық технологияларды, шығармашылық даму, өз бетінше білім алу технологияларын қолдану, «e-learning» бағдарламасын қосу;

8) «Білім» телеарнасында балалар үшін «Ойлан. Ізден. Тап», «Мен – зерттеушімін», «Темірқазық» және т.с.с. телебағдарламалар, қосымша білім беру ұйымдарының web-порталы, балалар үшін web-сайт (www.ziyatker.kz), қосымша білім беру бағыттары бойынша балалар

журналдарын жасау арқылы білім берудегі біртұтас ақпараттық орта құру;

9) қосымша білім беру ұйымдарында дистанциялық оқытуды дамыту;

10) қосымша білім беру ұйымдарының базасында бейіналды және бейінді оқытуды дамыту арқылы жасөспірімдердің өзін-өзі кәсіби анықтауына ықпал етуге жағдай жасау;

11) білім алушыларды мамандыққа алдын ала бағдарлауда кеңестік, ақпараттық-аналитикалық және білім беру қызметтерін көрсету мақсатында қосымша білім беру ұйымдарында әлеуметтік қызметтер құру.

Педагогтер мен басшы қызметкерлердің, сондай-ақ балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі бейін бойынша мамандардың әлеуметтік мәртебесін арттыру және кәсібилігін жетілдіру:

1) жоғарғы оқу орнындағы қосымша білім педагогтерін даярлау жүйесін жетілдіру;

2) балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі педагог және басшы қызметкерлердің еңбек ақысын төлеу механизмін жетілдіру;

3) балаларға қосымша білім беру саласындағы жас мамандарды қолдау жүйесін құру;

4) балаларға қосымша білім беру жүйесінде үздік педагог қызметкерлерді және бейін бойынша мамандарды сақтап қалу үшін моральдық және материалдық қолдау жүйесін жетілдіру;

5) балаларға қосымша білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың, сонымен қатар педагогикалық білімдері жоқ бейін бойынша мамандарды қайта даярлаудың ведомствоаралық жүйесін құру;

6) кадрлармен қамтамасыз ету бойынша бірыңғай мониторинг жүйесін құру;

7) мамандар үшін электрондық оқу, бағдарламалық, әдістемелік, ғылыми, анықтамалық базалар құру;

8) білім беру жүйесінің облыстық және республикалық іс-шараларындағы жеңімпаз педагог қызметкерлер үшін жеңілдіктер беру жүйесін құру.

Балаларға қосымша білім беру жүйесін басқарудың тиімділігін арттыру:

1) балаларға қосымша білім беру мәселелері бойынша өңірлерде ведомствоаралық (білім, денсаулық, мәдениет, төтенше жағдай, ішкі істер, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау т.б. басқармалары) үйлестіру кеңесін құру;

2) балаларға қосымша білім беру ұйымдарын басқарудың мемлекеттік-жеке нысандарын енгізу;

3) әлеуметтік серіктестікті, оның ішінде бизнес құрылымдар мен қоғамдық ұйымдарды дамыту механизмін енгізу.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінің заманауи инфрақұрылымын құру, материалдық-техникалық базасын нығайту, экономикалық қатынастарды жетілдіру:

1) өндірістік және әлеуметтік бағыттарда ғылым қалашықтары, балалар ғылыми мұражайлары, технопарктер, бизнес-инкубаторлар, балалар банктері, шаруа немесе фермер шаруашылықтары, сондай-ақ қызығушылықтары бойынша «Жас Ұлан», балалар парламенті, Қазақстан халықтарының балалар ассамблеясы және т.с.с. сияқты балалар қоғамдық бірлестіктер құру;

2) білім алушыларды әлеуметтік жобалар әзірлеу және зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру үдерісіне тарту үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін білім ұйымдарының әлеуметтік инфрақұрылымын құру;

3) бюджеттен тыс қаржыларды тарту арқылы балаларға қосымша білім беру жүйесін қаржыландырудың жаңа тетігін енгізу:

а) балалардың әлеуметтік бастамалары мен балалар қоғамдық қозғалыстарын мақсатты қаржыландырудың бюджеттік бағдарламасын енгізу;

б) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс (республикалық және жергілікті деңгейде)

в) фандрайзинг. (қайырымдылық ұйымының өз бағдарламаларын іске асыру және мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті ресурстар алуға бағытталған қызметі)

Фандрайзинг тәртібінде жинақталатын деректер:

балалар қоғам бірлестігінің бағдарламасы мен жобаларын бастауға мемлекеттік субсидия, жергілікті органдар мен ұйымдарының қолдау көрсетуі;

қазақстандық және халықаралық қайырымдылық ұйымдар, қорлар, жеке тұлғалардың жәрдемқаржысы;

олардың бизнестің жауапты әлеуметтік қағидасын жүзеге асыру мақсатында коммерциялық ұйымдармен іске асыру.

Дарынды балаларды қолдау жүйесін дамыту:

- 1) мекемеаралық іздеу жүйесін құру, іс-шараларды өткізуде талантты балаларды қатыстырып және қолдау;
- 2) балаларға қосымша білім беру бағыты бойынша халықаралық іс-шараларға қатысушыларға жағдай жасау;
- 3) балаларға қосымша білім беру бағыты бойынша бейімді лагерьлердің жұмысын ұйымдастыру және құру;
- 4) балалар ғылымын дамытуды қаржыландыру үшін «Балалар ғылымда» қорын құру;
- 5) қосымша білім берудің көркемдік-эстетикалық бағытын дамытуды қаржыландыру үшін «Балалар өнерде» қорын құру;
- 6) балалардың жеке траекториялық білім бойынша оқуы;
- 7) балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі республикалық, халықаралық конкурстар мен әр түрлі бағыттағы жарыстарда жеңімпаз атанған балаларға жоо түсуге көмек көрсететін жүйені кеңейту;
- 8) білім үдерісінің барлық қатысушылардың денсаулықтарына, салауатты өмір сүру қатынасын құруға қамтамасыз ететін бағдарламаларды әзірлеуі және енгізуі;
- 9) қоғамдық ұйымның белсенді балалары мен жасөспірімдерін әлеуметтік мағынадағы жобаларды жүзеге асыруға және құрастыруға назарын аударту.

Балаларға қосымша білім беру жүйесінің сапалы дамуы үшін қажетті шарттар

Балаларға қосымша білім беру жүйесін сапалы дамыту тек бүгінгі күннің талаптары мен қоғам дамуының қарқынына сәйкес жағдай жасағанда ғана мүмкін.

1. Балаларға қосымша білім беру жүйесінің **нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру**. Қосымша білім беру жүйесі Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңына «Қазақстан Республикасында қосымша білім беру» бөлімін енгізу арқылы мемлекеттік қолдау жасалғанда ғана тиімді қызмет ете алады.

2. Балаларға қосымша білім беру жүйесін **кадрлық қамтамасыз ету**. Балаларға қосымша білім беру жүйесін кадрлық қамтамасыз етуді жетілдіру мынадай:

балаларға қосымша білім беру жүйесінің педагог қызметкерлерінің инновациялық-педагогикалық және ғылыми-зерттеушілік қызметтеріне гранттар беру, байқаулар өткізу жолымен ынталандыру;

қосымша білім беру педагогтарының арнайы кәсіби даярлығы;
басшы және педагог кадрларын қайта даярлау және біліктілігін
құзыреттілік тәсіл негізінде арттыру жүйесін құру;

3. Балаларға қосымша білім беру жүйесін **бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету.**

3.1. Қосымша білім беру ұйымдарындағы білім беру үдерісінің ғылыми негіздерін әзірлеу негізінде, баланың жасына, ұйым түріне, әлеуметтік мәдени ортасының ерекшелігіне сәйкес алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалана отырып жаңа буын қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу.

3.2. Қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуде білім алушылардың нақты талабы ескерілуі қажет. Бағдарламалар кіріктірілген сипатта және балалардың табысты әлеуметтенуіне ықпал ететін дағдыларын игеруіне бағытталуы тиіс. Қосымша білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі билеуін, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді (ҚР «Білім туралы» Заңы, 14-бап).

3.3. Қосымша білім беру жүйесінде қолданылатын бағдарламалар мазмұнының балалардың жас ерекшелігіне, психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестігін анықтау үшін Орталық жанынан құрылған Әдістемелік кеңес сараптамасын жүргізу.

3.4. Қосымша білім беруде қоғамдық және мемлекеттік ұйымдармен түрлі ынтымақтастық формаларын жетілдіру, қосымша білім беру ұйымдарымен, мектептермен байланысты дамыту, ата-аналарды балалармен бірлескен әрекетке тартуға бағытталған отбасылармен біршама жоғары деңгейде жұмыс жүргізу.

3.5. Негізгі және қосымша білім беру арасындағы сабақтастықты соңғы компенсаторлық қызметті іске асыру негізінде анықтау.

3.6. Қосымша білім беру мазмұнын теориялық және анықталған практикалық ережелер негізінде жаңарту.

3.7. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының инфрақұрылымын қалыптастыру және жетілдіру, олардың ақылы қызмет көрсету мүмкіндігін қарастыру.

3.8. Балаларға қосымша білім беру саласында қосымша білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жүйесіне арналған кәсіби білім беру бағдарламасының талаптарын әзірлеу.

4. Білім беру талабы ерекше балаларға қосымша білім беруде кіріктірудің формалары мен жолдарын анықтау және әлеуметтік жағдайы

төмендерге жататын жасөспірімдерге, «ерекше топтағы» балаларды қосымша білім беру жүйесіне тарту жағдайын жасау;

5. Жалпы білім беретін мектептерде қосымша білім беруді дамыту.

6. Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының **материалдық-техникалық базасын жақсарту**, балаларға қосымша білім беруді қаржыландыру механизмін жетілдіру.

7. Қосымша білім беру жүйесін **басқарудың жаңа мемлекеттік қоғамдық механизмін енгізу**. Әрбір балаларға қосымша білім беретін ұйымда сапаның барлық компоненттерін қамтитын, оның ішінде сапаны қамтамасыз етудің жобаланған шарттары, сондай-ақ білім сапасын басқарудың ұйымдасқан механизмі бар сапа мониторингі бағдарламасы болуы қажет.

8. Жүйені дамытуды іске асырудың нормативтік құқықтық базасын қамтамасыз ету.

Қосымша білім беру жүйесін дамытудың инновациялық жолдары

7.1. Ресурстық орталық – эстетикалық бағыттағы балаларға арналған қосымша білім беру ұйымының қазіргі тиімді нысаны (Қарағанды қаласы №2 өнер мектебінің базасындағы Қосымша білім беру ресурстық орталығы)

Республикамыздың Президенті Н.Ә. Назарбаев отандық білім жүйесін дамытудың жетекші бағыты ретінде балалардың қоршаған ортамен қажетті қатынасқа түсу, оған барынша бейімделу және қызмет жасау қабілетін жетілдіру үшін білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту қажеттілігін анықтап көрсетті.

Әр баланың жеке даму қабілетін қамтамасыз ететін және білім алушылардың өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасайтын қосымша білім беру жүйесі мемлекет басшысы анықтаған міндеттерді іске асыруға ықпал жасауы тиіс.

Заманауи білім беру саясатының басылымдықтары мен білім беру қызметіне тапсырыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес қазіргі кезеңдегі қосымша білім беру ұйымының басты мақсаты білім беру үдерісінің сапасын арттыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Қосымша білім беру ұйымы ретінде балалар өнер мектебі мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие саласында білім алу қажеттілігін қанағаттандыруға бағатталған.

Әлеуметтік біліктіліктің жетістігін, өз-өзін анықтаға әсер ететін білім кеңістігін құруда заманауи өнер мектебінің міндетті іс, сондай-ақ мектеп білім алушыларының көптеген көркемдік дамуы, олардың әр түрлі өнерді игеруі болып табылады.

Қосымша білім беру жүйесінің заманауи даму кезеңі көбінесе инновациялық даму тәртібіне негізделеді, олар:

қосымша білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту арқылы көпкөркемдік білім беру қағидалары мен білім алушылардың көркемдік-шығармашылық дамуына инновациялық технология үдерісін енгізу;

қосымша білім беру инновациялық ұйымының ашылуы;

көркемдік білім беру саласында жаңа оқу жобаларын құру.

Қарағанды қаласындағы №2 өнер мектебінің педагогтар ұжымы мемлекеттік саясаттағы білім жүйесінің модернизация міндетін анықтауды өздерінің қызметтерінде жүзеге асырады. Бұл қосымша білім беру қазіргі таңда мектептің, балалардың қажеттіліктері мен социум сұраныстарының шындығына заманауи жауап беретін жетекші ұйымдарының бірі, онда балалар өнерді жақсы меңгеріп, оқуы үшін барлық жағдай жасалған, оқу эстетикалық бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

1. Музыкалық – бұл сыныпта домбыра, қобыз, фортепиано, баян, флейта, саксафон, скрипка, хор, эстрадалық және халық әндері.

Мектеп мұғалімдерінің жоғары шығармашылық белсенділік деңгейінің даму нәтижесінде білім алушылар әр түрлі конкурс және фестивальдарға қатысып, жүлделерге ие болады;

2. Көркемдік бөлімде, барлық елдердегі жас суретшілер жиналатын республикалық пленэрлерге білім алушылардың әрдайым баруына мүмкіншіліктері бар, бірнеше рет халықаралық конкурстарға қатысып жүлделерге ие болды;

3. Театрлық бөлім, Қарағанды облысындағы К.С.Станислав атындағы театрдың белді әртістері сабақ өткізеді.

4. Эстрадалық-цирк бөлімі – Қарағанды облысындағы жалғыз бөлім.

Мектеп педагогтарының басты мақсаты – білім алушылардың зейінділігін оятып және жеке қабілеттілігін дамыту, олардың өнердің әр түрлі түрлеріндегі әрекеттестік жағдайындағы шығармашылықтарын дамыту, эстетикалық бастама білімін кәсіптік деңгейде беру, өнер кешенінде бастауыш мектеп балаларына тапсырмаларды көптеп беру, орта және жоғары буында факультативтік курстарды таңдауды өз құқықтарына беру.

2010 жылы педагогтар ұжымымен Өнер мектебінің базасында қосымша білім беру ресурстық орталығын (ҚББРО) ашу туралы шешім қабылдады.

2007 жылы өнер мектебінде 518 білім алушы болса, 2012 жылы қыркүйекте 1183 білім алушы болды. Педагог ұжымының бірқалыптылығы, жұмыста жаңа жобалармен іс жүргізуде үнемі ізденушілігі, концерттік және конкурстық спектрларды дамытуы, мектептің сыртқы келбетін құруға және білім алушылардың санының көбеюі үшін жұмыстар жүргізеді. Қосымша білім беру ресурстық орталығының ашылуына әсер еткен басылымдылық бөлік адам құрамының көбеюі, қызметі үш жылға есептелінген және болашақта балаларға қосымша білім беру жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептер мен өнер мектебінің әлеуметтік әрекеттестік үрдісінің күшеюі бақыланады. Бұл байланыстың әрекеттестік тиімділігі қосымша білім беру орталығының құрылуы болып табылады. Қарағанды облысының біліктілікті жоғарлату институтының ректоры, профессоры Контаев С.С. ресурстық орталықтың тіршілік етуінің тиімді екенін жоғары нәтижеде дәлелдеп, тәжірибе жұмысында жетекшілік етіп, бұл жобаның туындауына себепкер болған.

Тәжірибенің мақсаты кәсіби оқу орындарының және жалпы білім беретін мектептердің, өнер мектептерінің әлеуметтік әрекеттестігінің негізінде өнер және мәдениет саласында кәсіби деңгейде өзін-өзі анықтауына, эстетикалық шығармашылықтың дамуына әсер ететін қосымша білім берудің жаңа моделін анықтау және құрастыру болып табылады.

Қосымша білім беру ресурстық орталықтың құрылуына келесі факторлар әсер етті:

көптеген балалар өздерінің ата-аналарының жағдайына байланысты музыкалық мектептер мен өнер мектептеріне бара алмайды. Өз балаларын жалпы білім беретін мектепке апару тиімді, ол жерде тек оқып қана қоймай, сонымен қатар өнердің әр түрлі түрлерін меңгеруі оның шығармашылық дамуын және эстетикалық тәрбиесін қамтамасыз етеді;

бұдан басқа, профильдік бейімділікті сипаттайтын, білім берудің 12 жылдығына өткен кезде, әрбір білім алушы өзінің білім бағдарын қалыптастыра алуы мүмкін.

Музыкалық мектептер мен өнер мектептерінің оқу бағдарламалары 7 жылдық білім беруге есептелінген. Сондықтан жоғары сынып білім алушыларының кәсіби ниетпен мәдениет және өнер саласы бойынша колледж және ЖОО-на түсуге тәжірибелік дайындық қажет болмайды.

Ресурстық орталықтың білім беру қызметінің ерекшелігі қосымша біліммен жалпы білім беретін мектеп білім алушыларының барынша көп бөлігін қамтуға мүмкіндік беріп, олардың сабақтан тыс уақытта еңбекпен айналасуын қамтамасыз етіп, тәрбие үдерісінің тиімділігін көтереді.

Қосымша білім беру ресурстық орталығы оның құрамына кіретін білім беру ұйымының базасында, тірек өнер мектебінің ресурстарын пайдалану арқылы балалардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес көркем-эстетикалық талғамын дамыту үшін қажетті жағдай жасау үшін құрылған.

Соның негізінде әр мектептердің құқықтарын сақтайды, яғни әкімшілік және экономикалық дербестігін. Басқа сөзбен айтқанда, дербес мектептер болып қалғанымен де, ресурстық орталықтың шарттары баланың тәрбиесін және шығармашылығын дамытуда сыныптан тыс жұмыстар мен мектептен тыс саладағы ресурстарды біріктіруге бағытталған.

Ресурстық орталық білім беру кеңістігінде әрбір жалпы білім беретін мектеп, өздерінің міндеттерінің орындауда үйірме, секция қызметтерінің жұмыс жасауымен, сабақты өткізу орындарынмен және білім алушылармен қамтамасыз етіп, оқу үдерісін өздігінен жүзеге асырады. Өнер мектебі білім беру қызметін ұйымдастыруға, педагогтармен қамтуға және білім беруді өз жауапкершілігіне алады.

Бұдан басқа, жоғары және орта кәсіби оқу орындарында, мәдени орталықтарда белсенді әлеуметтік серіктестік рөлін алады.

Сонымен, Ресурстық орталықтың педагогикалық мақсаты әлемдік тәрбие қызметін құру қажеттілігін, жеке тұлғаның шығармашылық дамытуын, өнер және мәдениет саласында табиғи мүмкіндіктерін негізге алып, кәсіби өзін-өзі анықтауға, білім алушының қызығушылығы мен бейімділігін, білім жүйесіндегі мемлекеттік талаптарды және әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруын қамтамасыз ету болып табылады.

Ресурстық орталықтың негізгі міндеттері:

білім беруді тиімді көтеру, педагогтар мен олардың әлеуметтік серіктестіктерінің аумақтық интеграцияға күш салуы арқылы баланың жеке шығармашылығының дамуына бағыттау;

әр балаға өзінің қажеттілігін, қызығушылығы мен мүмкіндіктерін, өзінің жеке даралығын танытуға және мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жағдай жасау;

бейімді оқудың бейімалды дайындық жүйесіндегі ұйымдардың әрекеттестігі;

өнер тарихын, музыканы, қазақ халқының және басқа халықтардың салт-дәстүрін оқыту негізінде әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне білім алушыларды араластыру;

білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестіктерін күшейту арқылы балалардың бос уақытындағы қызметін ұйымдастыру.

Сонымен, ресурстық орталықтың білім саласындағы мүмкіндіктерін қолданып, әр мектеп өзінің педагогикалық міндетін шешуге мүмкіндігі бар. Бірінші кезекте, бұл мемлекеттік тапсырманы орындау – қосымша білім берумен білім алушыларды көбірек қамту. Екінші – балалар құқық бұзушылықтары және қылмыстық тәуекелін төмендеуі, расымен де өнер адамдық-рухани тәрбиесі, толеранттығы, азаматшылдығы, адамның жағымды эмоциялы шеңбері болып табылады.

Ресурстық орталықты басқару үйлестіру кеңесімен жүзеге асырылады, оның құрамына мектеп жетекшілері, облыстық білім басқармасының өкілдері, облыстық біліктілікті жоғарлату институты, қалалық білім бөлімі кіреді.

Өнер мектебінің директоры, ҚББРО ережесіне сәйкес, басшылық тікелей қосымша білім беру үдерісін жүзеге асырады. Мектепте директордың ресурстық орталық қызметі бойынша орынбасарының бірлік штаты болады.

Оқу-әдістемелік кешені әр түрлі деңгейдегі оқытуды авторлық оқу және жаңғыртылған бағдарламалармен қамтамасыз етеді: жалпыдамытылған, мамандандырылған, профильдік білім алушылардың мақсаттары мен қызығушылықтарына тәуелді.

Жалпы эстетикалық дамуы үшін өнер мектебіне қатысатын балалар жалпы дамытушылық бағдарлама бойынша білім алады. Кімде-кім арнайы тәжірибелік дағдылар мен ұсталықтарды иеленуді қаласа, алайда, орта деңгейлі қабілеттілікке ие болған, арнайы бағдарлама бойынша білім алады. Көркемдік бейімді кәсіби оқу орнына түсетін жоғары сынып білім алушылары үшін профильді оқу бағдарламасы берілген. Бұл дифференциалдық амалдың жүзеге асуына жағдай жасайды.

Қазіргі күні Қосымша білім беру ресурстық орталық құрамына қаланың 13 мектебі кіреді. Балалар музыка бойынша (домбыра, қобыз, халық әндері, фортепиано, флейта, баян, эстрадалық әндері), көркем және хореографиялық бағыттарға қатысады. Көптеген түлектер мәдени және өнер орындарының жоғары және орта кәсіби оқуларында өздерінің оқуларын жалғастырады. Басқалары өзге кәсіптерді таңдап, өнердің ақиқатын бағалағыштары болып қалады.

Ресурстық орталықта 524 бала білім алады, оның 84-хореографиямен, 349-музыка өнерімен, 31 – бейнелеумен. Педагогикалық ұжымда 48 педагог. Оның 3-хореограф, 41-музыкант, 4-суреттеуші.

Қазақ ұлттық өнер университеті, Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық

консерваториясы, Тәтімбет атындағы Қарағанды өнер колледжімен бір мезгілде өзара ынтымақтастық туралы келіссөздер жүргізеді.

Музыка бағыт бойынша білім беру жүйесін жүзеге асыруда сабақ кестесі құрылып, музыкалық аспаптармен қамтамасыз етіліп, өнер мектебінің педагогтары жұмылдырылған. Хореографиялық бөлімнің білім алушыларының сахналық костюмдермен шығуына жағдай жасалған. Ресурстық орталық мектебінде білім алушыларға оқуда жеңілдіктер қарастырылған.

Қосымша білім беру ресурстық орталығының жұмыс мониторингінің нәтижесі төмендегідей анықталған:

білім алушылардың эмоциолдық-жеке мәселелер жоспарының болмағандығы, яғни беймазальық, өз-өзіне сенімсіздік, белгілі балалар ұжымында болғанда ынғайсыздық. Білім алушылардың қоғаммен қарым-қатынаста дағдылары қалыптасып, өзіне қоршаған ортаға, адамдарға деген қарым-қатынасы жағымды белгілер қалыптастырған;

оқу жылының барысында балалар мектептік және қалалық концерттерге қатысуы.

Осының барлығы білім алушының көркем шығармашылық саласында өзінің күшін сынауға, өнер саласының әсемдігін бағалай білуге, тамаша жағдайларды қабылдай білуге үйретеді.

ҚББРО шығармашылық конкурстарға қатысып және жүлделерге ие болуы көркем-эстетикалық бағытының нәтижесінің көрсеткіші.

ҚББРО дамуының болашағы:

театрлық білім беру қызметін кеңейту, вокал-хор өнерінің түрлерін білім алушылардың қажеттілігіне сәйкестендіру;

қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы жалпы білім беретін мектептердің кәсіптік бағдар беру жұмысын жандандыру. Бұл жағдайда, жоғары сынып оқушыларын оқыту орта білім беретін мектептің оқу жоспарының вариативті бөлігінен басқа сабақтан тыс уақытта қосымша білім беру түрінде жүргізіледі;

қосымша білім беру педагогтері мен білім алушыларға on-line режимінде шебер сабақ және интерактивті тақтамен сабақ өткізу;

Сонымен, Қосымша білім беру ресурстық орталығы ірі облыстық орталықтары сияқты ауылдық жерлерде де балаларға қосымша білім беру ұйымы мақсатталған түрі болып табылады.

7.2. Балаларға негізгі және қосымша білімді интеграциялау негізінде біртұтас білім кеңістігін қалыптастыру (Павлодар қаласы Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы)

Қазіргі заманда әлеуметтік-экономикалық жағдайда қосымша білім беретін ұйымдарының қызметінің тиімді және перспективалы бағыттары-оның жалпы орта білім беретін ұйымдармен бірігуі. Бұл қосымша білімнің дамуын оңтайландырады, оның жүйелі мінездемелерін қуаттандырады, жүйеге білім беру ұйымдарының басқа түрлерін қосады, соның негізінде білім беру аясын кеңейтіп, жеке бағыттарды жүйеге біріктіреді және бұл ретте әр ұйымның өзгешелігін сақтайды.

Павлодар қаласындағы балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығының педагог ұжымы білім-тәрбие үдерісінің сапасын тұжырымды басқару ойын құру және меңгеру жолымен, жалпы орта және қосымша білімді біріктіру арқылы қосымша білім беру ұйымының қызметін жаңартуда жаңа тұжырымдаманы құрастырды.

Орталықтың даму бағдарламасы «2011-2015 жылдары білім алушылардың кәсіби деңгейде өзін-өзі анықтау компетенттік тәсілін қолдану» бірнеше кезеңдерін ұсынады:

1 кезең – программалық-әдістемелікке компетенттік қолдану тәсілін енгізу, ал кейін оқу-тәрбие қызметіне;

2 кезең – жалпы орта және қосымша білімнің бірігуі;

3 кезең – үздіксіз білім беру кеңістігін құру.

Уақыттың айтылмыш арасына бірінші кезең өзінің аяқталу сатысына жетті, бірақ екінші кезеңнің дайындық әрекеті онымен қатар жүргізілді.

Біріктіру жолының жоспары бойынша бірнеше мәселелерді және туындаған қайшылықтарды жоюға тура келді және ең алдымен бұл көзқарас Орталық қызметтің негізгі дәстүрлі үйірме жұмыстары.

Бүгінгі күнде нені иелендік: біріншіден, мектеп мүмкіндіктеріне карағанда қосымша білім беру қажеттіліктері жоғары, екіншіден, мектептерге бір жағынан білім стандартын меңгеру қажет, ал басқа жағынан алсақ тұлғаның еркін және жарасымды дамуы үшін жағдай жасау керек. Бұл жағдайда қазіргі заман біліміндегі модернизациялық стратегиялық тапсырмаларды бірігіп шешуге қосымша білім беру ұйымдары өздерінің техникалық-материалдарын, кадрлық, әдістемелік, ақпараттық ресурстары арқылы көмек бере алады.

Не істедік: мектептерге қосымша және жалпы орта білімнің бірігу жолы арқылы әлеуметтік серіктестік тұжырымдамасын дамыту берілген болатын, ең басты бір-біріне тең құқықта және мүдделестікте. Екі жақтың келісімі арқылы 25 мектеппен және интернаттарда Орталық филиалының ашылуы болып, соның негізінде 1000 білім алушы жұмылдырылды.

Орталықтың және білім беру ұйымының әрекеттестігінің моделі:

Біржақты әрекеттестік моделі мектеп қабырғасындағы үйірмелердің, секциялардың, клубтардың өздігінен жұмыс жасауы сияқты, Орталықтың қабырғасында да жұмыс жасайды. Әрекеттестіктің стратегиялық сызықтары олардың арасында жұмыстарды жалғастырады. Өкінішке орай, әзірше бұл ең тараған модель. Бірақ тіпті қосымша білім берудің мынадай нұсқасы жалпы білім беретін ұйымда белгілі бір мағына береді, неғұрлым балалардың еңбекпен шұғылдануы олардың қай спектрге қызығушылығы бар екендігін аңғаруға болады. Аталмыш модельмен Орталық 25 мектептің 15 білім беретін ұйымымен жұмыс жасайды.

Интеграциялық әрекеттестік моделі. Бірлесе құрастырылған қосымша білім беруді дамыту бағдарламасын аталмыш модуль толықтай білім саласындағы кеңістіктің көтерілуіне мүмкіндік жасап, мектептің білім жүйесін жалпы дамыту бағдарламасын құрастыру түрінде ретінде кірді. Бұл модульде Орталықтың және мектептің ресурстық мүмкіндіктері әр түрлі деңгейде қолданылып (ақпараттық, әдістемелік-бағдарлама, материалды-техникалық базасы, педагог кадрлары), осы білім бағдарламаларын жүзеге асырады. Жұмыстың әр түрлі формалары қолданылады: элективті курстар, экологиялық лекторлар, зерттеу жобаларының қызметі, оқу-өндірістік, экологиялық-өлкетану, Орталықтың базасында туристік практикум және экскурсия сол сияқты мектептерде. Орталық осы модель арқылы 8 мектеп және 2 интернатпен жұмыс бастады.

Орталық **элективті курстарды** құрастырды: «Зерттеу қызметінің кіріспесі» (5-сынып), «Зерттеу қызмет ұйымының негіздері» (8-10 сынып), «Қоршаған ортаның экологиялық мониторингі», «Жас экскурсовод», «Мектеп туризмінің нұсқаушысы», **экологиялық лекторлар:** «Су – өмірдің бастауы», «Өсімдіктер әлемінде», «Жасыл ғаламшар» және тағы басқа.

Экология-өлкетанулық практикумдар, архепалеонтологиялық экспедиция мұражаймен бірлесе ұйымдастырып өткізіледі: аймақтық компоненті биология, география, тарих арқылы ең басты құзіреттілікті тәжірибеде қолдану. Білім алушылар экскурсоводтың дағдысын, мұражай қызметкерінің, ғылыми-зерттеу қызметінің зерттеулерін үйренеді.

Оқу-өндірісінің практикумы, тәжірибелік жұмыстар, экскурсия экология-ботаникалық кешенінің базасында ұйымдастырылып өткізіледі, оған кіретіндер оқу бөлмелері, алуан түрлі құрамды жылыжай, өндірістік телімінің 3,5 гектар аралығында жеміс көшеті және сәнді бұта тұқымы, жидектер жерімен, бақшамен, дендрармен, сәнді гүл алатын бөлмелері.

Экотуристік практикум Орталықтың туристік-жаттығу базасында ғана өтпейді, оған кіретіндер: оқу кабинеті, жаттығу жиындарын ұйымдастыру өндірістік орында, туристік-жаттығу сокпағы, скалодром және жорыққа шығу формалары, экспедиция, саяхат, жарыс. Әлбетте, айтылмыш кешеннің түрі коммуникативті, шығармашылық, үдетпелі әлеуметтік құзырлардың тиімді тәсілі мен құралымы болып табылады.

Зерттеу-жобасы мен табиғатты қорғау қызметінің бағыттары: «Экология. Туризм. Өлкетану» марафон ауқымдарында интеграция бағдарламасымен жұмыс жасайтын барлық 25 мектеп экология, туризм, өлкетану бойынша қамтылған.

Марафон іс-шарасының кешенінде (конкурстар, ғылыми-тәжірибелі конференциялар, көрмелер, фестивальдар, жарыстар) дарынды балаларды анықтап, ары қарай педагог мамандар сырттай экология-өлкетану мектебінің бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізеді.

Арақашықтық әрекеттестігінің модулі. Бұл модуль қосымша білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда жалпы орта білім беретін ұйымдарға тиімді. Модуль қосымша білім беру ұйымдарының лайықты кадрлық потенциалы жоқ ауыл мектептерінде қолданылады.

Модульді іске асуы екі бағыт бойынша жүргізіледі:

Сырттай экология-өлкетану мектеп қызметінің аумағында Орталық білім алушылармен жұмыс жасауда аралық элективті курсын ұсынады, ол бойынша білім алушыларға тақырыпты және ғылыми жетекшіні өзі таңдауға, ғылыми-зерттеу қызметімен айналысуға көмек көрсетеді.

Педагогтармен жұмыс. Виртуалды әдістемелік кабинет педагогтарға инструкциялды-әдістемелік көмек береді, қосымша білім беру бағдарламаларының формасы интернет-конференция, кеңестер, семинарлар, практикумдар, шебер-сыныптар, біліктілікті жоғарлату курстары, жұмыс бойынша тәжірибе алмасу, ақпараттық-баспасөз қызметі.

Әлеуметтік серіктестік модулі. Осы модульде бірігу әрекеттестігінің ең көп дәрежесі мектептермен, колледждермен, ЖОО,

мәдени ұйымдар, денсаулық сақтау, туризм және спорт, экологиялық және үкіметтік емес ұйымдармен, қоғамдық бірлестіктермен белгіленеді. Бұл модуль оқу ресурстарына қатысуға мүмкіндікті қамтамасыз етеді, оқу кеңістігінің жаңа түрді жасауға нағыз бастамасын құрады, тұлға ретінде әр баланың дамуына, өз-өзін анықтау жолдарын іздеуге мүмкіндік туғызады.

Орталықта әдістемелік - бағдарлама және техникамен қамту бар болғанынан, жалпы орта білім беретін ұйымдармен ынтымақтастық орнатылған, үздіксіз білім кеңістігінің жүйесін құруда бірігу жағдайдағы мүмкіндік береді.

Бірақ енді ғана әрекеттестік жүйесін құру тұрғызуды, әр буын өзінің алға қойған тапсырмасын орындап, дамудың жолдарын жоспарлап анықтайды.

Жоғарыда көрсетілген үлгілердің іске асыру негізгі және профилді заттар бойынша үйренуші құзырлар кеңейтеді, оларға үлкен мүдде құрастырады, ғылыми - зерттеуші қызмет қызықтырумен сөз сөйлейді, кәсіби өз тағдырын өзі шешуге балалардың дайындықтары сапалы деңгейі жоғарылатады, қазіргі әлеуметтік - экономикалық жағдаят шарттарда өмірге бейімделу көмектеседі.

7.3. Астана қаласы Оқушылар сарайының базасындағы педагогикалық тәжірибелік- эксперименттік алаң

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беру саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасында балалардың және жасөспірімдердің әлеуметтік және кәсіби деңгейде өзін-өзі анықтауға, балалардың бейімінің даму факторларын анықтаудағы жеке қызығушылығы мен қабілеттілігін анықтауда қосымша білім беру ұйымдары маңызды рөл алатыны көрсетелген.

2011 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президентінің тапсырысымен Астана қаласында 61 274,6 шақырым ауданды алатын оқушылар сарайы тұрғызылды. Оқушылар сарайының тұрғызылуының ең басты жобасы болып, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы жас қазақстандықтардың шығармашылық және ғылыми білім потенциалдарының дамуы.

Сарай зертханамен жабдықталған, үйірменің жұмысы үшін оқу жұмыс бөлмелері орналасқан, панорамалық сфералық және планетарлық проекциялармен 3D-технологиясын игереді, обсерватория, 300 орынды көпфункционалды концерт залы, 500 орынды драмалық театр, интернет орталығы, медиацентр, қысқы бақшамен, 264 орынды бөлмеде форум, пікірталастар, дебаттар өткізіледі, балалар драма театры, жеңіл атлетика және баскетбол залдары, күрес және тенниспен шұғылдану залы,

халықтық, спорттық-бальдық, қазіргі заман билерінің дайындалатын залы, қазақ халқының аспаптар оркестрінің залы, театралдық, хор студиясы, көркем галериясы, мұзды мұз айдыны және жүзу қауызы бар.

Оқушылар сарайының қызметінің негізгі болып, оқушылардың қосымша білімі, олардың зияткерлік бағыттары бойынша дамуы:

Ғылыми – математика, химия, биология, экология, биотехнология, генная инженерия, физика, астрономия, аэрокосмонавтика, информатика, программалау, нанотехнология және жаңа ақпараттық технологиялар.

Техникалық шығармашылық – радиоэлектроника, робототехника, авиа және ракетомоделдеу, ғаламдық моделдеу, судомоделдеу, автомоделдеу;

Лингвистика – қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі, түрік тілі және қытай тілдерін оқу.

Көркем-эстетикалық – бейнелеу өнері, сәндік қолданбалы өнер, қазіргі дизайн, мүсін және керамика, ағаш бұрмалау, конструкциялау және киімдерді модельдеу, әртістік ұсталық, ораторлық өнер, қазақ ұлттық музыкалық өнер, халық аспаптарының оркестірі, вокал, хореография.

Физикалық тәрбие – хоккей, фигуралық сырғанау, жүзу, көркем гимнастика, каратэ, годзюрю каратэ-до, қазақша күрес, таэквондо, дзю-до, тоғызқұмалақ, шахмат, жеңіл атлетика, үлкен теннис, баскетбол, волейбол, футбол, грек-рим күресі, спорттық көрсету және спорттық секциялардың басқа түрлері.

Оқушылар сарайында 137 үйірме және 14 әр түрлі бағыттағы секция жұмыс жасап, 10 000 бала қатысады. Бұл жерде 146 қосымша білім педагогы жұмыс жасайды, соның ішінде Қазақстан Республикасына танымал музыканттар, ғылымға, мәдениетке, спортқа еңбек сіңірген мемлекет қайраткерлері.

Оқушылар сарайы жаңа оқу бағдарламаларының апробациясы мен зерттеулері, бейімдік ЖОО мен ұйымдардың есебімен қосымша білім беруде заманауи технологиялар мен әдістемелері құрылып, эксперименталді педагогикалық алаң болып табылады.

Оқушылар сарайының әдістемелік-бағдарламасын қамсыздандыру қосымша білім берудің басты мазмұны педагогикалық қызметтің негізгі ұстанымдары жалпы стратегиялық дамуды көрсетеді.

Олар белгілі бір іс-әрекет жүйесінің негізінде дидактикалық басылым, бағдарламалық, әдістемелік материалдар, әр түрлі семинарлардың өтуі, кеңестер, әдістемелік ақыл-кеңестер дайындалып іске асады.

Осы құжаттарға сәйкес мақсаттық, авторлық, эксперименталды және үйірме, секция, клубтардың оқу бағдарламалары құрастырылады. Қазіргі уақытта оқушылар сарайында 11 жоба бағдарламасы мақсатты жүзеге асуда, 10 авторлық, 10 эксперименталды, 80 үлгіге алынған оқу және бос уақыттағы бағдарламаларды жүзеге асуда.

Оқушылар сарайының 2011-2015ж.ж. білім дамыту бағдарламасының негізінде Оқушылар сарайының тұжырымдық қызметінің оқу – тәрбие қызметі жүзеге асуда.

Балаларға қосымша білім беру ашық әлеуметтік жүйе ретінде көшбасшылық қасиетті қалыптастыру үшін жағдайды жақсартуға, әлеуметтік шығармашылықтың дамуына, әлеуметтік компетентікті қалыптастыру икемділігі. Қосымша білім беру жүйесі дарынды балаларды дамытуда және қолдауда, балаларды жұрт алдында сенімді сөйлеуге және салааралық негізде дамытады.

Ереже сәйкес, қосымша білім балалардың санқырлығын, қылықтылығын, бірегейлігін және ақыр соңында, тәжірибелік-хабардар білімінің нәтижесін мамандар, кәсіпқойлар, өзі ісінің шеберлері маңызды шараларды жүзеге асады.

Осы уақытта Қазақстан Республикасының Президентінің тапсырмасының жүзеге асуы үшін, жас қазақстандықтардың ғылыми-білім потенциалын және шығармашылығын дамыту мақсатында Оқушылар сарайында балаларға арналған кезеңдік Ұлттық интерактивті саябағын құру, онда интерактивті стенд кешендерін және ғылым, техника, спорт және өнер бағыттары бойынша экспонаттар болады.

Саябақтың құруының негізгі мақсаты: кең популяризациялы интерактивті технологияны шығармашылық оқыту тәсілінде қолданып, негізгі қызметте оқу үдерісін құруға мүмкіндік беруі.

Саябақ, қазіргі заманауи ғылыми лабораториямен жабдықталған, спорттық жабдықтармен және интерактивті экспозициямен, балалардың ізденгіштік және шығармашылық зейінінің дамуына мүмкіндік жасау, оларға белсене-танымдық зерттеу қызметі үшін мүмкіндіктерді береді.

Саябаққа оқушылар, студенттер, балаларымен келетін отбасылар кейбір негізге алынатын жаратылыстану қағидаттарының жолы арқылы интерактивті оқыту аттракциондарының қолдануымен танысады.

7.4. Қосымша білім беру ұйымдарында туристік-өлкетану және экологиялық қызметті дамытудың жаңа түрлері мен әдістері (Батыс

Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы)

Батыс Қазақстан облысында ондаған жылдар ішінде туристік-өлкетанулық жұмыс жүйесі құрылып және нәтижелі дамуда. Облыстық балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы балалардың қосымша білім беру ұйымының жетекшісі ретінде экологиялық және туристік-өлкетанулық қызметін дамыту стратегиясын іске асыруда. Орталықтың тікелей қатысуымен жастардың туристік орталықтар облыстың көптеген аудандарында ашылды, инновациялық білім беру бағдарламалары мен жобаларының инициаторы болып табылады.

Орталықта туризмдік бірлестік, спорттық бағыт, өлкетану, этнография, экология бойынша 689 бала білім алуда. Сонымен қатар, педагогтар қала мен аудан мектептерінде шаңғыдан, таудан, үнгірден, судан, экологиялық туризмдері бойынша үйірме жұмыстарын жүргізеді. Батыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы экскурсиялық және инструкторивті-әдістемелік бөлімі ашылып, психология-педагогикалық және медициналық қызмет құрылып, республикалық туристік-өлкетанулық «Атамекен» экспедициясының ауқымында жұмыс жасауда.

Батыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы қызметінің негізгі өрісі – Орал қаласында және облыстық аудан мектептерінде туристік-өлкетанулық және экологиялық қызметтерінің келісімділігі, туризм бойынша облыстық іс-шаралар өткізу, өлкетану, экология, әдістемелік қамтуын және оқу-тәрбие жүйесінің ұйымына туристік-өлкетанулық көмек қызметін көрсету, біліктілігін көтеру және турұйымдастырушыларының дайындықтары, жорыққа шығудың жетекшілері, жазғы түздік лагерь, экспедиция.

Орталық қызметінің ең маңызды факторы және болашақтағы дамуы болып, тұрақты онжылдықты және шығармашылық педагогтар ұжымын құру, дәстүрлі және жаңашыл қызметтерін бірлестіру, ұжым жаңа адамдар мен ойларға ашық, сипаттарымен тәжірибелі қызметкердің тіркесі болып табылады, шығармашылық негізде жұмыс істейтін педагогтар, өзінің үнемі біліктілігін арттыруға тырысуы.

Батыс Қазақстан облыстық балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы қосымша білім беру оқу бағдарламасын әр түрлі бағыттағы балаларға іске асыру. Оқу жылында үйірменің үш бағыты бойынша жұмыс жасалады: экология-биологиялық, туристік-өлкетанулық, жаратылыстану ғылымы.

Оқу бағдарламалары топ бойынша жүзеге асады. Оның құрылуы балалардың қызығушылықтарна сәйкес негізделеді, ұсынылған бағдарламалар және олардың жағдайларының жүзеге асуы.

Қоршаған ортамен және туған өлкенің экологиялық жағдайларын балалар қосымша білімнің барлық оқу бағдарламасының негізінде табиғат сәйкестілік ұстаным білімдері туралы тірі организммен байланыстыру.

Орталық үйірмелер жұмысындағы эксперименттік және авторлық бағдарламалар қазақ тілі мен орыс тілінде оқытылады.

Облыстық жас-балалар туризмі мен экология орталық – облыстық туризм және өлкетану инструктивтік-әдістемелік кеңес беру орталығы. Ең басты тапсырмасы - дұрыс және қауіпсіз ұйым және туристік жорықтарды ұйымдастыру, оқушылармен саяхат және экскурсия, оқушыларға әдістемелік және тәжірибелік көмек, оқушылармен көлемді туристік іс-шараларды ұйымдастыру: жарыстар, слёттар, олимпиадалар, смотрлар, мектеп мұғалімдеріне туризм және өлкетану әдістемелік көмек құралдарын құру.

Орталық эксперименттік педагогикалық алаң болып табылады, жаңа оқу бағдарламаларын зерттеу және апробираттау, зерттемелерді жүзеге асыру, қосымша білім берудің қазіргі заманауи технологиясы мен әдістемесі.

Әдістемелік орталық ретінде туристік-өлкетану қызметінің қатысушыларын дамуытуға, ұжым инструктивті-әдістемелік материалдарды жинаудан және құрастырудан үлкен жұмыстар атқаруда. Мұнда туристік-өлкетанулық және экология қызметі бойынша қосымша білім беруден авторлық бағдарламалардың апробациясы өтеді, облыстық балалар-жасөспірімдер іс-шарасының ережесі мен жағдайын өңдеу, кейіннен бара-бара дәстүрге айналды.

Туристік-өлкетанудың қызметі-білім берудің маңызды саласы, білім алушы жастардың және балалар отаншылдық және азаматшылдық тәрбиесінің маңызды тәсіл.

Өлкетану – ол тарихи және мәдени тәрбие беру, әр кезеңнің ұрпақтарымен қатынас жасаудың нағыз таным мектебі. Сонымен қатар, бұл мектеп салауатты өмір салты, шыдамдық, қажырлылық, мақсатқа жетудегі өжеттілік, өзін-өзі тану және қоршаған әлемді тану, табиғатпен қарым-қатынас.

Өлкетану қызметінің мақсаты баланың әлеуметтік белсенділігі, қоғамдық жұмысқа, еңбекке, оқуға деген көзқарасын, қоғамдағы тұлғалық бағытты қалыптастыру болып табылады.

Оқушылардың өмірінде жорықтар, саясаттар, өлкетанулық зерттеулер үлкен орын алады. Оған қатысуы балалардың ой өрісін кеңейтеді, олардың еліміздің шаруашылық қызметімен таныстырады, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, халқы үшін намысшылдыққа,

өз-өзіне қызмет ету дағдысына дағдыландыру, оларды жүйелік еңбекке үйрету, бастамалыққа және ұстамдылыққа тәрбиелеу.

Орталықтың оқу жұмыс бөлмелері, қажетті жабдықпен жабдықталған, педагогтар мен балалардың тамаша табиғаттың бұрыштарын жасауы, экологиялық мәдениет дағдылары, білім алушылардың қоршаған әлемге құрметпен, махабат сезімімен қарауға тәрбиелеу.

Оқу жүйесінің қатысушылары балалар, педагог қызметкерлер, ата-аналар. Әр бала оқу бағдарламасын, педагогтың қызмет түрін таңдауға құқылы.

